

ЖАС ЖҰБАНОВШЫ

Гульнур Дуйсенова

Zhubanov University, Шетел тілдері факультетінің “Шетел тілі: екі шетел тілі” мамандығының 4-курс студенті

Президент стипендиясының екі дүркін иегері, “ZHMUN” клубының Бас хатшысының орынбасары

— Бүгінде көптілділік — жай ғана артықшылық емес, бұл — әлеммен байланыс орнатудың, мүмкіндіктерді кеңейтудің және мәдениеттерді жақындастырудың қуатты құралы. Шет тілін меңгеру — тек грамматика мен сөздік қоры ғана емес, ол — жаңа ойлау жүйесін қалыптастыру. Әр тіл — жаңа мәдениет, жаңа көзқарас.

Қазақ лингвистикасының негізін қалаған ғалым Құдайберген Жұбанов — нағыз полиглот болған тұлға. Ол бірнеше тілді жетік меңгеріп, ғылымға баға жетпес үлес қосты. Бұл факт мен үшін ерекше мотивация: мен де тілдерді зерттеу арқылы ғылым мен білімге өз үлесімді қосуды қалаймын. Қазіргі таңда мен 5 тілде еркін сөйлей аламын, бұл менің сенімді болашағыма ашылған қақпаның басы ғана деп білемін.

Тіл білу әлемге сапарлаудың да бастамасы. Университетте оқи жүріп, Польшаның Быдгощ қаласындағы Экономика университетінде 1 семестр білім алып келдім. Білім, таным көкжиегім кеңі түсті. Алда көп жоспарым бар. Оның орындалуына көп тіл білуім игі әсерін беретініне сенімдімін.

**БАСЫМДЫЛЫҚ —
ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ
БАҒЫТЫНА**

4-5-БЕТТЕР

**ЖҰМЫСШЫ
МАМАНДЫҚТАР
ҚАЛАСЫ**

9-БЕТ

**ЖАСТАРМЕН
ЖҰМЫС ІСТЕУ
МЕН ҮШІН
МАҢЫЗДЫ**

12-13-БЕТТЕР

✓ Басты жаңалықтар

✓ Главные новости

✓ Main news

СТУДЕНТ HERIOT-WATT-АҚТӨБЕ КАМПУСЫНА АУЫСТЫ

Шетелде үшінші жыл білім алып жатқан қазақстандық студент Алишер Сабилов жуырда Heriot-Watt университетінің Ақтөбе кампусына ауысты, — деп жазды Zhubanov University Баспасөз қызметі. Студент Шотландияның Aberdeen университетінде мұнай инженериясы саласы бағытында оқыған екен.

Aberdeen Шотландиядағы 1495 жылы іргесі қаланған ескі әрі мықтылығы бойынша бесінші орындағы университет болып танылады.

Алишер Сабилов қазір Heriot-Watt-Ақтөбе университетінің 2 курс студенті.

Ол Ұлыбританияның жетекші жоғары оқу орнының Ақтөбедегі кампусына ауысу туралы шешімді сенімді түрде қабылдағанын айтады. Алишер Ақтөбеде туып-өскен. Халықаралық деңгейде білім алсам деген арманы алыс шетелге жетелеген екен. Онда оқып жүргенде туған жерінде Heriot-Watt университетінің кампусы ашылғанын естиді.

«Бұл — өз елімде халықаралық деңгейде білім алғысы келетін жастарға тамаша мүмкіндік. Оның үстіне Heriot-Watt университеті мұнай инженериясы саласында жоғары рейтингке ие. Сондықтан ауысу туралы шешімімнің дұрыстығына еш күмәнданған жоқпын», — дейді Алишер Сабилов.

Оқу орнын ауыстыру процесі оңай өткенін атаған студент алғашқыда оқу әдістерінде айырмашылықтар болғанын, бірақ мұндағы оқытушылардың ашықтығы мен сабақтардың нақты ұйымдастырылуы арқасында тез бейімделгеніне тоқталды.

«Ақтөбе кампусындағы оқу бағдарламасы салалық технологияларға тереңрек көңіл бөледі, мысалы, кен орындарын игеру әдістері мен процестерді модельдеу. Бұл — мамандық бойынша білім алушылар үшін үлкен артықшылық болып табылады. Ақтөбе кампусының профессорлары — өз саласының кәсіби мамандары. Қазақстанның және шетелден келген жоғары білікті оқытушылар жұмыс істейді. Олардың қатарында «Болашақ» бағдарламасының, Назарбаев Университетінің және жетекші шетелдік жоғары оқу орындарының түлектері бар. Олар тек білім беріп қана қоймай, нақты тәжірибелерімен бөліседі, бұл мен үшін өте құнды», — дейді Алишер.

Алишер болашақта мұнай-газ саласында жобалау мен өндіруді оңтайландыру жұмыстарымен айналысуды жоспарлап отыр. Heriot-Watt-Ақтөбе университетінде алған білім мен тәжірибе оның мансаптық мақсатына жетуге көмектесетініне сенімді.



СТУДЕНТ ПЕРЕВЕЛСЯ В КАМПУС HERIOT-WATT-АКТОБЕ

Казахстанский студент Алишер Сабилов, третий год обучающийся за рубежом, недавно перевелся в Актобинский кампус Heriot-Watt, — написали в пресс-службе Zhubanov University. Студент учился в шотландском Университете Aberdeen по специальности нефтяной инженерии.

Aberdeen признан пятым по рейтингу университетом Шотландии, основанным в 1495 году. Теперь Алишер Сабилов учится на 2 курсе актобинского кампуса Heriot-Watt.

Он говорит, что уверенно принял решение о переводе в Актобе, в котором он родился и вырос. Мечта получить образование на международном уровне привела его в дальнее зарубежье. Обучаясь там, он узнал, что в его родном городе открывается кампус Университета Heriot-Watt.

«Это прекрасная возможность для молодежи, которая хочет учиться на международном уровне в своей стране. Более того, университет Heriot-Watt имеет высокий рейтинг в области нефтяной инженерии. Поэтому я не сомневался в правильности моего решения о переходе», — говорит Алишер Сабилов.

Назвав, что процесс смены учебного заведения прошел легко, студент отметил, что вначале были различия в методах обучения, но благодаря открытости преподавателей и четкой организации занятий здесь он быстро адаптировался.

«Учебная программа в кампусе Актобе нацелена на более глубокое изучение отраслевых технологий, например, методов разработки месторождений и моделированию процессов. Это большое преимущество для обучающихся по специальности. Профессора Актобинского кампуса — профессионалы своего дела. Работают высококвалифицированные преподаватели из Казахстана и зарубежья. Среди них выпускники программы «Болашақ», Назарбаев Университета и ведущих зарубежных вузов. Они не только предоставляют знания, но и делятся своим реальным опытом, что для меня очень ценно», — говорит Алишер.

Алишер планирует в будущем заняться оптимизацией проектирования и добычи в нефтегазовой отрасли. Heriot-Watt уверен, что знания и опыт, полученные в актобинском кампусе, помогут ему достичь своих карьерных целей.

THE STUDENT TRANSFERRED TO THE HERIOT-WATT-AKTOBE CAMPUS

Kazakh student Alisher Sabirov, who is studying abroad for the third year, recently transferred to the Heriot-Watt Aktoobe campus, the press service of Zhubanov University wrote. The student studied at the Scottish University of Aberdeen with a degree in petroleum engineering.

Aberdeen is recognized as the fifth-ranked university in Scotland, founded in 1495.

Now Alisher Sabirov is a 2nd-year student at the Heriot-Watt Aktoobe campus.

He says that he confidently made the decision to transfer to Aktoobe, where he was born and raised. His dream of getting an international education led him to foreign countries. While studying there, he learned that the Heriot-Watt University campus was opening in his hometown.

"This is a great opportunity for young people who want to study internationally in their country. Moreover, Heriot-Watt University has a high rating in the field of petroleum engineering. Therefore, I did not doubt the correctness of my decision to transfer," says Alisher Sabirov.

Saying that the process of changing the educational institution was easy, the student noted that at first there were differences in teaching methods, but thanks to the openness of the teachers and the clear organization of classes here, he quickly adapted.

"The study program at the Aktoobe campus is aimed at a deeper study of industry technologies, for example, field development methods and process modeling. This is a great advantage for students of the specialty. The professors of Aktoobe campus are professionals in their field. Highly qualified teachers from Kazakhstan and abroad work. Among them are graduates of the Bolashak program, Nazarbayev University and leading foreign universities. They not only provide knowledge, but also share their real-world experience, which is very valuable to me," says Alisher.

Alisher plans to optimize design and production in the oil and gas industry in the future. Heriot-Watt is confident that the knowledge and experience gained at the Aktoobe campus will help him achieve his career goals.



☑ Басты жаңалықтар

☑ Главные новости

☑ Main news

ҒЫЛЫМИ СЕМИНАР

Zhubanov University "Цифрлық трансформациядағы жасанды интеллекттің рөлі" тақырыбында халықаралық ғылыми семинар ұйымдастырды. Семинарда цифрлық трансформацияның қазіргі жағдайында жасанды интеллекттің орны мен маңызы кеңінен талқыланды.

Семинардың негізгі спикер болған Түркияның Қарадениз техникалық университетінің "Жасанды интеллект" кафедрасының меңгерушісі, профессор Васиф Набиев жасанды интеллекттің табиғатта қолданудың өзекті мәселелерін баяндады. ҚР БҒМ ҒК «Ақпараттық және есептеу технологиялары институты» РМК бас директорының орынбасары, PhD, профессор Өркен Мамырбаев Қазақстандағы жасанды интеллекттің дамуындағы жаңа тенденциялар туралы пікір білдірді. Ал Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің профессоры Айнұр Сағимбаева мен магистрант Мадина Жұмабекова «Информатикадан оқушылардың білімін бағалаудағы генеративті жасанды интеллекттің рөлі» мәселесін талқылады.

Heriot-Watt университетінің Ақтөбе кампусының профессоры, PhD Muhammad Arshad білім беру саласында жасанды интеллекттің қолданудың мүмкіндіктері мен өзекті мәселелері жайында баяндама жасады. Семинар барысында Zhubanov University оқытушылары мен магистранттары да өз ойларымен бөлісіп, деректер желілеріндегі ауытқуларды жасанды интеллект негізінде анықтау және мұнай-газ саласында жасанды интеллекттің қолдану мәселелерін көтерді.

Ғылыми семинар қатысушыларға жасанды интеллекттің түрлі салалардағы қолданылуын және цифрлық трансформацияның маңыздылығын тереңірек түсінуге мүмкіндік берді.

НАУЧНЫЙ СЕМИНАР

Zhubanov University организовал международный научный семинар на тему «Роль искусственного интеллекта в цифровой трансформации». В ходе семинара широко обсуждалось место и значение искусственного интеллекта в современных условиях цифровой трансформации.

Профессор Васиф Набиев, заведующий кафедрой «Искусственный интеллект» Караденизского технического университета Турции, который был основным спикером семинара, рассказал об актуальных проблемах использования искусственного интеллекта в природе. Заместитель генерального директора РГП «Институт информационных и вычислительных технологий» КН МОН РК, PhD, профессор Оркен Мамырбаев прокомментировал новые тенденции в развитии искусственного интеллекта в Казахстане. А профессор Казахского национального педагогического университета имени Абая Айнұр Сағимбаева и магистрант Мадина Жұмабекова обсудили «Роль генеративного искусственного интеллекта в оценке знаний учащихся по информатике».

Профессор Актюбинского кампуса университета Heriot-Watt, PhD Muhammad Arshad выступил с докладом о возможностях и актуальных вопросах применения искусственного интеллекта в сфере образования. В ходе семинара преподаватели и магистранты

Zhubanov University также поделились своими мнениями и подняли вопросы выявления аномалий в сетях данных на основе искусственного интеллекта и применения искусственного интеллекта в нефтегазовой отрасли.

Научный семинар позволил участникам глубже понять применение искусственного интеллекта в различных областях и важность цифровой трансформации.

SCIENTIFIC SEMINAR

Zhubanov University organized an international scientific seminar on the topic "The role of artificial intelligence in digital transformation". During the seminar, the place and importance of artificial intelligence in modern conditions of digital transformation were widely discussed.

Professor Vasif Nabiye, Head of the Artificial Intelligence Department at Karadeniz Technical University of Turkey, who was the main speaker of the seminar, spoke about the current problems of using artificial intelligence in nature. Deputy

Director General of the RSE "Institute of Information and Computing Technologies", PhD, Professor Orken Mamyrbayev commented on new trends in the development of artificial intelligence in Kazakhstan. Ainur Sagimbayeva, a professor at the Kazakh National Pedagogical University named after Abai, and Madina Zhumabekova, a graduate student, discussed "The role of generative artificial intelligence in assessing students' knowledge of computer science."

Muhammad Arshad, PhD, Professor of the Aktope campus of Heriot-Watt University, made a presentation on the possibilities and topical issues of using artificial intelligence in the field of education. During the seminar, teachers and undergraduates of Zhubanov University also shared their opinions and raised issues of identifying anomalies in artificial intelligence-based data networks and the use of artificial intelligence in the oil and gas industry.

The scientific seminar allowed the participants to gain a deeper understanding of the application of artificial intelligence in various fields and the importance of digital transformation.

«ЦИФРЛЫҚ ТРАНСФОРМАЦИЯДАҒЫ ЖАСАНДЫ
ИНТЕЛЛЕКТТІҢ ОРНЫ»
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ СЕМИНАР

МОДЕРАТОР: САРСИМБАЕВА С.М., Ф.М.Ғ.К., ҚАҒЫМДАСТЫРЫЛҒАН
ПРОФЕССОР

АЛҒЫ СӨЗ: БЕКНАЗАРОВ Р.А. ТАРИХ ҒЫЛЫМДАРЫНЫҢ ДОКТОРЫ,
БАСҚАРМА МҮШЕСІ, ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ИННОВАЦИЯЛАР ЖӨНІНДЕГІ
ПРОРЕКТОР

15.10 –
15.35

«Искусственный интеллект в природе: Бионспирированные алгоритмы и определение лавинных местностей с помощью машинного обучения». Набиев Васиф, Қарадениз техникалық университетінің жасанды интеллект кафедрасының меңгерушісі, Түркия, Трабзон қаласы

15.35 –
15.45

«Қазақстандағы жасанды интеллект дамуының жаңа тенденциялары». Мамырбаев Өркен Жұмажанұлы, ҚР БҒМ ҒК «Ақпараттық және есептеу технологиялары институты» РМК бас директорының орынбасары, зертхана меңгерушісі, PhD, қауымдастырылған профессор, Алматы қаласы

15.45 –
15.55

«Информатикадан оқушылардың білімін бағалаудағы генеративті жасанды интеллекттің рөлі». Сағимбаева Айнұр Есенгазыевна, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, п.ғ.д., профессор, Жұмабеков Мадияр Ергалұлы, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, 7M01507-Информатика ББ, 2-курс магистранты, Алматы қаласы

15.55 –
16.05

«Use of Artificial Intelligence in Education». Muhammad Arshad, Heriot Watt University, PhD, профессор, Ақтөбе Кампус

16.05 –
16.12

«Деректер желілеріндегі ауытқуларды жасанды интеллект негізінде анықтау мәселелері». Кереев Адилжан Қутымович, ҚЖЖұбанов атындағы АӨУ, PhD, Информатика және АТ кафедрасының доценті Саматов Маралбек, ҚЖЖұбанов атындағы АӨУ, 7M06103 Есептеу техникасы және бағдарламалық қамтамасыз ету ББ 2-курс магистранты, Ақтөбе қаласы

16.12 –
16.19

«О применении искусственного интеллекта в нефтяной промышленности». Каипова Алия Дабисовна, ҚЖЖұбанов атындағы АӨУ Информатика және АТ кафедрасының оқытушысы, Абдуллин Рамзан Феликсович, Кушербаев Бекзат Алибекулы, 6B06103-Есептеу техникасы және бағдарламалық қамтамасыз ету, 3-курс СПО, ҚЖЖұбанов атындағы АӨУ, Ақтөбе қаласы



19 ақпан 2025 ж.



15:00



ZOOM ID 466 510 8343
Код 2025Zh



ОТКІЗІЛУ ОРНЫ: БАС ҒИМАРАТ, КІТАПХАНА

Faculties

Басымдылық — ғылыми-зерттеу бағытына

Жыл басында айқындалған негізгі мақсаттар мен міндеттер өз ретімен жүзеге асып, белгіленген жоспарға сәйкес, барлық бағыттар бойынша атқарылған жұмыстар нәтижелерін беруде деп айтуға болады. Жаратылыстану факультеті негізгі стратегиялық бағытын жаратылыстану саласындағы білім мен ғылымның қажеттіліктерін қамтамасыз етуде инновациялық-бағдарланған оқыту технологияларын, кәсіби арнайы құзіреттіліктерді қалыптастыратын мәселелерге ғылыми-зерттеу жасауды жүзеге асыру бағытында. Факультетте оқу сапасы, ғылыми-зерттеу қызметі, студенттердің жетістіктері мен кәсіби дамуы, сондай-ақ инфрақұрылымдық жаңартулар мен халықаралық ынтымақтастық салаларында айтарлықтай жетістіктерге қол жеткізілуде.

Атап айтсам, академиялық жұмысты ұйымдастыру барысында академиялық адалдық принциптері қадағаланып, төмендегідей жұмыстар атқарылды:

— Өткен академиялық жылдың қорытындысы бойынша оқу жылын 1754 білім алушы бастап, 1710 білім алушы аяқтады. Оның 1265-і мемлекеттік грант негізінде білім алған.

Өткен және осы оқу жылында академиялық ұтқырлық аясында білім алуға шетел университеттерінен 11 білім алушы, отандық университеттерге 40 студент (кіріс 4 студент) барды және оқуын жалғастыруда.

Профессор-оқытушылар құрамы белгілі бағыттар бойынша үздіксіз дамуды жүзеге асыра отырып, біршама біліктілікті арттыру курстарын аяқтады.

Жаратылыстану факультетінің доценттері Л.К.Тастанова (Heriot-Watt университеті), М.Ж.Махамбетов (М.В.Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университеті), Г.Б.Адманова (өзіміз) (М.В.Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университеті) «Болашақ» бағдарламасының «500 ғалым» жобасы аясында шетелдік тағылымдамадан өтті.

Мектеп мұғалімдеріне, кафедра филиалдарына, табиғатты қорғау мекемелеріне, Ақтөбе өңірінің өндірістік ұйымдарына арналған жаралар өткізіліп, шаруашылық келісім-шарттар жасалды.

Факультет оқытушылары мен студенттері Ақтөбе қаласындағы Назарбаев Зияткерлік Мектебі мен университет арасындағы өзара ынтымақтастық меморандумы негізінде жүргізілген «Үйрен-бөліс» жобасына белсене қатысады.

— Химия-Биология пәнінен 11 класс оқушыларына Zhubanov University Олимпиадасы өткізілді.

— Білім беру қызметіне шетелдік мамандарды тарту мақсатында Ресей, Беларусь, Түркия, Ұлыбри-

тания елдерінен шақырылған 4 ғалым келіп, тәжірибе бөлісті.

Ғылыми бағытта атқарылған жұмыстарымыз төмендегідей нәтиже көрсетті:

— Ғылым айы аясында «Фармацевтика, мұнай өнеркәсібі, экология, био және нанотехнология функционалдық полимерлер үшін жаратылыстану ғылымдарының өзекті мәселелері» тақырыбында Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция өтті.

— Білім беру ұйымдарымен коллаборация аясында 1 ғылыми-зерттеу жобасы жүргізілуде және бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру шеңберінде пайдалы модельге 1 патентке қол жеткізілді.

— PhD, доцент, Г.А.Абилова ҚР ҒЖБМ арналған жас ғалымдардың ғылыми инновациялық жобаларын гранттық қаржыландыруға арналған грант негізінде Ұлыбританиядағы Реддинг университетінің Химия, өнімдер және фармацевтика мектебінің профессоры Виталий Хуторянскиймен бірлесіп көз ауруын емдеудің тиімді әдісін ойлап тапты. Ғалым бірнеше жылдық зерттеулерінің нәтижесінде көзге арналған линзаға ұқсас өте жұқа полимерлі дәрілік пленкалар жасап шықты.

— ҚР ҒЖБМ тарапынан алынған марапаттар легіне келетін болсақ, б.ғ.к., доцент Телеуов А.Н. «Ғылымды дамытуға сіңірген еңбегі үшін» төсбелгісін иеленсе, п.ғ.к., доцент Когисов С.М. «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ісінің үздігі» құрмет дипломымен марапатталды.

— Биология кафедрасының доценті, PhD Исимов А.М. отандық ғылымның дамуына қосқан елеулі үлесі үшін «Үздік ғылыми қызметкер» байқауының жеңімпазы атанды.

— магистр, оқытушы А.Насыр Семей қаласындағы Шәкәрім университетіне D111 "Тамақ өнімдерін



өндіру» білім бағдарламасы бойынша докторантураға түсті.

— Ғылым мен білім беру саласындағы өзара ынтымақтастықты жолға қою, халықаралық дәстүрлерде бірге орындалатын жобаларға қатынасу, академиялық ұтқырлық т.б. шараларды жүзеге асыру туралы шетелдік жоғары оқу орындарымен 2 келісім-шарт жасалды.

— Факультет тарапынан 2025-2027 жылдарға арналған "Жас ғалым" жобасы бойынша жас ғалымдарды гранттық қаржыландыруға арналған конкурсқа 2 өтінім (М.Ж.Махамбетов, А.Е.Тренова), ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық жобалар бойынша гранттық қаржыландыруға арналған конкурсқа 6 өтінім (С.Ф.Семенихина, А.Қ.Қалиева, Г.Б.Адманова, Н.А.Утарбаева, А.М.Мыңбай, Б.С.Иманғалиева), ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық жобалар бойынша жас ғалымдарды гранттық қаржыландыруға арналған конкурсқа 2 өтінім (М.Ж.Махамбетов, А.М.Мыңбай) берілді.

А.Ж.Махамбетов жуырда гранттық қаржыландыру конкурсының жеңімпазы атанды. Оның жобасының негізгі мақсаты далалық геоботаникалық және картографиялық зерттеулердің нәтижелері бойынша Атырау облысының жайылымдық өсімдіктерінің жай-күйінің ұзақ мерзімді өзгерістерін экологиялық бағалау және талдау, сондай-ақ аталған территорияның спутниктік мәліметтерді талдау негізінде 1:1000000 масштабтағы электрондық цифрлық картасын жасақтау болып табылады және жалпы қаржыландыру көлемі — 29 870 000 теңгені құрайды.

— Академиялық ұтқырлық бағдарламасы аясында факультет ғалымдары Қарақалпақстан (Б.С.Иманғалиева, Р.Н.Бисалиева), Ресей (С.Ф.Семенихина) мемлекеттеріне тәжірибе алмасуға барып қайтты.

— Факультеттің профессорлық-оқытушылар құрамы ағымдағы оқу жылында нәлдік емес импакт-факторлы Web of Science базасында 5 (квартиль 1,2), Scopus базасында — 13, ҚР ҒЖБМ БҒСБ ұсынатын журналдарда 27, "Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің Хабаршысы" ғылыми журналында мақалалар, монография, РОӘК оқулықтар және оқу құралдарын жариялады.

— Факультеттің 6 білім бағдарламаларының білім алушылары XVI Республикалық пән олимпиадасында, 2 студент студент Республикалық студенттердің ғылыми-зерттеу байқауында жүлделі орындар, 2 студент «Үздік студент» атағын иеленді.

— Биотехнология ББ білім алушысы А.Байзақов екінші мәрте Қазақстан Республикасы Президенті атындағы стипендия иегері атанды.

Факультеттің әлеуметтік-тәрбие бағыты бойынша жүргізілген келесі жұмыстарды атап өтуге болады:

— Білім алушылар «Жас натуралистер», «Жас маман», «Өсімдіктер әлемі», «Биоколорит», «Салауатты тамақтану кеңістігі», «Эковерты», «Эко+», «Химиялық есептер әлемі», «Химик зерттеуші» үйірмелерінде ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізеді.

— Білім алушылардың болашақ мамандығына деген қызығушылығы мен ынтығасын арттырып, қыр-сырын түсініп, үлкен тәжірибе жинақтау мен кәсіби салада жаңа дағдыларды игеруде әр саланың

білікті мамандарының дәрісінің маңызы зор.

Осы орайда, оқу жылының басынан бері түрлі салалардағы өндіріс орындарынан өз ісінің мамандары келіп, қонақ дәрісін өткізіп, студенттер алдында өз тәжірибелерімен бөлісіп келеді. Әрбір дәріс кезінде мамандар өз саласындағы соңғы жаңалықтар, маңызды тенденциялар мен кәсіби қиындықтар туралы айтып, студенттерге жұмыс нарығында табысты болу үшін қажетті дағдылар мен қасиеттерді дамыту жолдарын көрсетеді.

Қонақ дәрістері барысында студенттер мамандардан нақты жағдайлар мен кейс-стадилерді талқылап, жұмысқа қажетті техникалық және басқарушылық қабілеттерді меңгеру мүмкіндігіне ие болды.

Білікті маман, саналы ұрпақ тәрбиелеу жолындағы атқарылатын еңбек үлкен жауапкершілікті, аса ізденімпаздылық пен жаңашылдылықты қажет етеді. Осы орайда, факультеттің профессор-оқытушылар құрамының атқаратын рөлі зор екенін атап өту керек. Ұжымның әрбір мүшесінің тыңғылықты әрі білікті жұмысы факультетті талай шыңға жетелеп, биіктерге бастайтыны сөзсіз.

Факультет жұмысындағы басымдылық ғылыми-зерттеу бағытына тураланған. Өйткені ғылыми-зерттеулер жоғары оқу орнында тек білім берудің ғана емес, қоғамның дамуына ықпал ететін маңызды құрамдас бөлігі. Яғни, ғылыми бағытты дамыту арқылы жаңа идеялар мен технологияларды енгізіп, қоғамның әлеуметтік, экономикалық және мәдени дамуына зор үлес қосуға болады. Осы орайда, 2024 жылы факультет үшін маңызды оқиға ретінде тарихи құнды нәтиже PhD, "Биология" кафедрасының доценті А.М. Исимовтің жетекшілігімен жүзеге асырылатын «Ірі қара малдың түйінді дерматиті: Қазақстан территориясында вирустың тасымалдаушылары, таралу ареалы, халықтың хабардарлығы және рекомбинатты вакцина тәрізді штаммының генетикалық сипаттамасы» тақырыбын қамтыған ғылыми жоба 2024-2026 жылдар аралығында министрліктің гранттық қаржыландыру конкурсында жеңіске жетті. Бұл жетістік факультеттің ғылыми әлеуетін, инновациялық зерттеулерге қабілетін және ұлттық аграрлық мәселелерді шешуге бағытталған маңызды ғылыми жұмыстарды жүргізу мүмкіндігін айқын көрсетеді. Жоба мал шаруашылығын дамытуға, эпидемиологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге және халықты қажетті ақпаратпен қамтуға бағытталған маңызды қадам болып табылады. Сонымен қатар, осы жобаны жүзеге асыру аясында серологиялық, молекулалық-генетикалық, микробиологиялық зерттеулер жүргізуге арналған заманауи құрылғылармен жабдықталған зертхана жабдықталып, зерттеу жұмыстары жүргізіліп жатыр. Жобадан бөлек, студенттер мен жас ғалымдар жаңа құрал-жабдықтарды қолдана отырып, зерттеулерін жүргізуге және жаңа ғылыми

нәтижелерге қол жеткізуге мүмкіндік алатыны ғылымның алға басына тағы бір баспалдақ болады деп ойлаймын.

Факультетіміздің профессор-оқытушылар құрамының ғылыми атақтарға қол жеткізуі, жас ғалымдардың ғылыми жетістіктерін қорғауы, жастардың докторантураға түсуге деген ұмтылысының артуы және жалпы ғылым деңгейінің көтерілуі де ізгі мақсаттарымыз болып табылады. Бұл тек ғылыми және білім беру жүйесінің ғана емес, қоғамның интеллектуалдық әлеуетінің дамуына да елеулі ықпал ететін маңызды қадамдар болмақ.

Ғылыми атақ алу — бұл педагогикалық қызметкерлердің ғылыми зерттеулер жүргізіп, жаңашыл ой-пікірлер мен білімге негізделген әдіс-тәсілдер ұсынуының жемісі. Жаратылыстану ғылымдарының маңыздылығын арттыра отырып, ПОҚ мүшелері әрбір зерттеуде жаңа мүмкіндіктер мен жаңалықтарды іздеп, өз саласында танылуы қажет.

Докторантураны аяқтаған мамандарымыздың жұмыстарын қорғауы — бұл біз үшін үлкен жетістік. Біздің факультетімізде ғылыми-зерттеулер мен ізденістердің жаңа деңгейге көтерілуі докторанттардың қорғауынан басталады. Әрбір жас ғалымның үлкен ғылыми еңбек пен терең ізденістерінің нәтижесін көрсетуі, өз саласында тың жаңалықтар енгізуі — біздің ғылыми қоғамдастық үшін игі қадам. Олар өздерінің зерттеулері арқылы тек ғылыми атақтарға қол жеткізіп қана қоймай, ғылымды жаңа деңгейге көтеру жолында еңбек етеді.

Жастардың докторантураға түсуі — бұл ғылымға деген үлкен жауапкершілік пен жаңа мүмкіндіктерге жол ашатын кезең. Біз жастардың білім мен ғылымға деген ұмтылысын ынталандырып, оларды ғылымның күрделі әрі қызықты әлеміне қадам басуға шақырудамыз. Жастардың докторантураға түсуі ғылымға жаңа идеялар мен тың көзқарастар әкелетінін, сондай-ақ біздің факультетіміздің ғылым саласындағы болашақ көшбасшыларын дайындайтынымызды білдіреді.

Бұл мақсатқа жету үшін ғалымдарымыздың ұсынған жобалары гранттық қаржыландыру конкурстарында жеңіп шығып, ғылыми мектеп қалыптасып, заманауи құрылғылармен жабдықталған зертханалар ашылса, факультеттегі ғылым біртұтас үйлесіммен дамып, нықтала түсер еді.

Сондықтан факультетіміздің ғылыми деңгейін көтеруге, ПОҚ-тың ғылыми жетістіктерін арттыруға, жас ғалымдарды қолдауға және ғылымның жаңа белестеріне жетуге ұмтыла беретін боламыз.

Гүлнұр Адманова
Zhubanov University
Жаратылыстану факультетінің
деканы, биология
ғылымдарының кандидаты
қауымдастырылған профессор

☑ Main news

ЖАҢА ДЕКАН

Zhubanov University Физика-математика факультетіне жаңа декан тағайындалды.

Жаңа декан Зухра Аймағанбетова тағайындалуға дейін осы факультеттің "Физика" кафедрасының меңгерушісі қызметін атқарды.

Зухра Аймағанбетова 2016 жылы «Деформациямен ынталандырылған люминесценция және сілтілі-галоидты материалдардағы радиациялық, ақаулар» тақырыбында докторлық диссертациясын сәтті қорғап, PhD ғылыми дәрежесін алды.

Ғалым Польшадағы Гданьск университетінде төрт айлық ғылыми тағлымдамадан өткен.

2023 жылы Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Сапаны қамтамасыз ету комитетінің шешімімен оған қауымдастырылған профессор атағы берілді.

Зухра Аймағанбетова халықаралық деңгейде біліктілігін арттыру мақсатында бірқатар маңызды бағдарламаларды сәтті аяқтады. Атап айтқанда:

Лидс университетінде (Ұлыбритания) «Жоғары білім саласындағы көшбасшылық» бағдарламасы;

Пердью университетінде (АҚШ) «STEM оқыту әдістерін жетілдіру» курсы;

Coursera платформасы арқылы Корей ғылым және технология институтында «Электродинамика» курсы.

Университет ректоры Лаура Карабасова ұзақ жылдар факультетті абыройлы басқарып, оның дамуына зор үлес қосқан Асқар Аймұхатовқа атқарған еңбегі үшін алғысын білдіріп, жаңа декан Зухра Аймағанбетоваға сәттілік тіледі.

НОВЫЙ ДЕКАН

В физико-математическом факультете Zhubanov University назначен новый декан.

Декан Зухра Аймағанбетова до назначения занимала должность заведующей кафедрой «Физика» этого факультета.

Зухра Аймағанбетова в 2016 году успешно защитила докторскую диссертацию на тему «Люминесценция, вызванная деформацией, и радиационные дефекты щелочно-галоидных материалов» и получила ученую степень PhD.

Ученый прошла четырехмесячную научную стажировку в Гданьском университете в Польше.

В 2023 году решением Комитета обеспечения качества Министерства науки и высшего образования Республики Казахстан ей присвоено звание ассоциированного профессора.

Зухра Аймағанбетова успешно завершила ряд важных программ с целью повышения квалификации на международном уровне. А именно:

Программа «Лидерство в высшем образовании» в Университете Лидса (Великобритания);



Курс «Совершенствование методов обучения STEM» в Университете Пердью (США);

Курс «Электродинамика» в Корейском институте науки и технологий через платформу Coursera.

Ректор университета Лаура Карабасова поблагодарила за проделанную работу Аскара Аймұхатову, который долгие годы с достоинством руководил факультетом и внес большой вклад в его развитие, пожелала успехов новому декану Зухре Аймағанбетовой.

THE NEW DEAN

A new dean has been appointed at the Faculty of Physics and Mathematics of Zhubanov University.

Dean Zuhra Aimagambetova, prior to her appointment, held the position of Head of the Department of Physics at this faculty.

In 2016, Zuhra Aimagambetova successfully defended her doctoral thesis on "Luminescence caused by deformation and radiation defects of alkali-halide materials" and received a PhD degree.

The scientist completed a four-month research internship at the University of Gdansk in Poland.

In 2023, by the decision of the Quality Assurance Committee of the Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan, she was awarded the title of associate Professor.

Zuhra Aimagambetova has successfully completed a number of important professional development programs at the international level. Exactly:

Higher Education Leadership Program at the University of Leeds (UK);

The course "Improving STEM teaching methods" at Purdue University (USA);

The Electrodynamics course at the Korean Institute of Science and Technology via the Coursera platform.

Rector of the University Laura Karabasova thanked Askar Aimukhatov for the work done, who for many years led the faculty with dignity and made a great contribution to its development, and wished success to the new dean Zuhra Aimagambetova.

Great Victory — 80 years

Қаһарман қыз —

2025 жылы Екінші дүниежүзілік соғыстағы (1941–1945) Жеңіске 80 жыл толады. Осыған байланысты ТМД елдерінде 2025 жыл «Жеңістің 80 жылдығы және нацизмге қарсы күрестегі бірлік жылы» деп жарияланды.

Сұрапыл соғыс 1941 жылдың 22 маусымында басталып, 5 жылға, яғни 1 418 күнге созылды. Қанды қырғында бұрынғы Кеңес Одағының 27 миллионға жуық адамы қаза тапты. Ал қазақ жерінен майданға аттанған 1 млн 200 мың жауынгердің 600 мыңы қайта оралмады.

Елімізден аттанған 500-ден астам жауынгер Кеңес Одағының Батыры атанды. Екі мәрте Кеңес Одағының Батыры атағын Талғат Бигелдинов, Леонид Бода, Иван Павлов, Сергей Луганский, ал Шымкентте орналасқан Чугуев әскери авиация училищесі түлегі И.Кожедуб үш мәрте Кеңес Одағының Батыры атағын иеленді. Қазақтың қос шынары — пулеметші Мәншүк Мәметова мен мерген Әлия Молдағұловаға да осы жоғары атақ берілді.

Қазақстан Қызыл Армияны әскери техникамен жарақтандыруда маңызды рөл атқарды. Біздің ел әскери өндіріс үшін қажет мыс, қорғасын, металл, висмут, молибден, полиметалл кендерін өндіруде жетекші орын да болды. Соғыс жылдары марганец, вольфрам, никель өндіру жолға қойылды. Қазақстанның қорғаныс зауыттары қару-жарақ пен ок-дәрі жасаудың жаңа үлгілерін игерді. Қарағанды кеншілері өнеркәсіп пен көлікті көмірмен қамтамасыз етсе, Орал-Ембі мұнайлы аудандары сұйық отын шығаруды арттырды. Қазақстанның ауыл шаруашылығы майдан мен тылды азық-түлікпен, өнеркәсіпті шикізатпен жабдықтады.

РФ президенті Владимир Путин Қазақстан Республикасына көзекті мемлекеттік сапарында Қасым-Жомарт Тоқаевты 9 мамырда Мәскеуде өтетін ауқымды іс-шараға шақырды.

Қазақстанда бұл мерейтойға арналған іс-шаралар 2025 жылдың қаңтарынан басталды.

Қазақстан халқы үшін бұл мерейлі датаның мәні айрықша. Сондықтан бірқатар маңызды іс-шаралар ұйымдастырылатын болады.

«Биылғы мемлекеттік іс-шаралардың ішінде Ұлы Жеңістің 80 жылдығы ерекше орын алады. Қазақстандықтар нацизмді талқандауға елеулі үлес қосты. Біздің аталарымыз бен әкелеріміз барлық майданда жанқиярлықпен соғысты. Оның үстіне, Қазақстан әскерді қару-жарақпен, өнеркәсіп өнімдерімен және азық-түлікпен қамтамасыз ету ісінде маңызды рөл атқарған сенімді тыл болды.

Мен Ұлттық құрылтайдың Атыраудағы отырысында Жеңістің мерейлі белесін атап өтуге дайындалу қажеттігін айттым. Сол кезде жариялаған бастамаларым қазірдің өзінде жүзеге асты. Мысалы, «Айбын» орденінің үш дәрежесі әйгілі батырларымыз Сағадат Нұрмағамбетовтің, Бауыржан Момышұлының және Рақымжан Қошқарбаевтың есімімен аталатын болды. Қазақстанның әуе қорғанысы күштерінің 604-ші әуе базасына әйгілі ұшқыш, Кеңес Одағының екі мәрте батыры Сергей Луганскийдің есімі берілді. Әлия Молдағұлованың, Мәншүк Мәметова мен Хиуаз Доспанованың өшпес ерлігін міндетті түрде жадымызда жаңғыртамыз.

Іс-шаралардың ең бастысы — Астанада өтетін әскери шеру. Соғыс және тыл ардагерлеріне құрмет көрсетіледі, ешкім де елеусіз қалмайды. Концерттер мен көрмелер өтеді, деректі фильмдер мен бағдарламалар түсіріледі, тарихи кітаптар мен фотоальбомдар шығарылады. Жауынгерлеріміздің есімін ел жадында сақтау үшін зерттеу жұмыстары жалғаса береді. Б.Момышұлының — 115, М.Ғабдуллиннің — 110, Ә.Молдағұлованың 100 жылдығы салтанатты іс-шаралар тізіміне кіреді.

Жеңістің биылғы мерекесі Қазақстанның бірде-бір азаматын бей-жай қалдырмайтынына сенімдімін. Өйткені біздің елде сұрапыл соғыстың зардабын тартпаған отбасы жоқ деуге болады. Соғыста қаза тапқандарды ұмытпай, қаһарман ерлеріміздің рухына тағзым ету, ел ішінде бейбітшілік пен тыныштықты сақтау — баршаға ортақ парызымыз», — деді Қасым-Жомарт Тоқаев жыл басында «Ана тілі» газетіне берген сұқбатында.

Мәншүк Мәметова — Исатай мен Махамбеттей жаужүрек батыр тұлғаларды, Құрманғазы, Дәулеткерей, Сейтек сынды өнер тарландарын дүниеге әкелген шежіреге толы киелі мекен Бөкей ордасының тумасы.

Мәншүк Жиекқұм ауылында Шеркеш руынан Жеңіскәлі мен Тойылшаның отбасында дүниеге келді. Халқымыздың әдет-ғұрпын жақсы сақтаған ауыл ақсақалдары дастархан басында азан шақырып сәбиге Мәнсия есімін берді. Екі ұлдан кейін қыз күткен әке-шешесі Мәнсияға ерекше қарады. Мәнсия кішкентайынан өткір бала болғандықтан ата-анасының оған деген мейірімі де ерекше болды. Қызының қарақаттай мөлдіреген дөңгелек көздеріне қарап «Моншақ» деп еркелетті. «Иә, бұл біздің жарқыратып мойынға тағарымыз! Бұл маздаған моншақ! — деп аялап өсірді. Бүлдіршіннің тілін қызық көріп, «атыңды айтшы, Моншақ дегі» — деп Мәнсияны сөйлетуге тырысатын. Сәби тілі келмей қиналса да:

Ахмет пен Әмина Мәметовтер



— Мән-мән деп, кібірткіп бөгіліп барып, шүк, — деп тағы бір буынды зорға жалғап айтқан екен. Қыран-топан күлкіге батқан ата-анасы мен ағалары Нағи мен Қадыр бұл қыз Мәнсия да емес, Моншақ та емес, Мәншүк, — деп ішек-сілептері қатқанша күліпті. Осылайша Мәнсия Мәншүк атанып кетсе керек. Бара-бара есімін құжаттарға да солай жазыпты. Батыр қыз осы аулы есімімен бүкіл майдан даласына Батыр Мәншүк атанды.

1927 жылы бұрынырықта Мәншүктің ата-анасы тұрған Жәнібек ауылына Саратов қаласынан университет түлектері ерлі-зайыпты Ахмет пен Әмина Мәметовтер ағасы Қанатқа қыдырып келеді. Қанаттың отбасы інісі мен келінінің келуіне байланысты қонаққа жақын тумасы, Мәншүктің әке-шешесі Жеңіскәлі мен Тойылшаны шақырады. Олар өздерімен бірге көзі қарақаттай Мәншүкті ілестіріп әкеледі. Ахмет пен Әмина кішкентай, сүйкімді қызды ұнатып қалады. Мәншүктің ата-анасы ерлі-зайыптыларды өз үйлеріне қонаққа шақырады. Үй иесінің қонақасы беруі аяқталар уақытта, қазақ халқының салт-дәстүрі бойынша жас отбасы перзент сүйе алмағандықтан кішкентай Мәншүкті асырап алуды сұрайды. Әрине, әке-шеше үшін бір шешімге келу өте қиына түсті. Алайда, олар сүйкіті Мәншүгінің білімді адамдардың қолында тәрбиеленіп, қалалық жерде білім алуға зор мүмкіндігі барын ескеріп, қимастықпен

беруге келіседі. Шынтұайтында, Мәншүктің анасы Тойылша қызын беруге қимайды. Ахмет: «Оқытамын, тәрбиелеймін, бірақ өз атыма көшіріп аламын» деп қиылып қоймаған соң, Жеңіскәлі: «Жақсы көретін інім едің, көңіліңді қалдырмайын, енді саған аманат» деп Мәншүкті немере інісі мен келініне біржола тапсырады.

Ахмет дәрігер, Әмина педагог. Алғашқы еңбек жолдарын 1927 жылы Маңғыстауда бастап, кейін Семей қаласына ауысады. Семейде Мәншүк алғаш мектеп табалдырығын аттап, 1 сыныпқа барады. Мәншүк сабағын өте жақсы оқып, әкесінің айтқанын екі еткізбейтін көз қуанышы болады. Әкесі Ахметтің Саратов қаласындағы ординатура бөліміне түсуіне байланысты, 1930 жылы қоныс аударады. Оқуын ойдағыдай тәмамдаған соң Мәметовтер Алматы қаласына көшіп келеді. Ахмет Республика астанасында интеллигенттер ортасында танымал азамат еді. Ол Бейімбет Майлин, Құдайберген Жұбанов тәрізді ірі қоғам қайраткерлерімен тығыз қарым-қатынаста болды.

Ахмет Мәметов жоғары білімді санаулы дәрігерлердің бірі, зор талант иесі, ұйымдастырушы, танымал қоғам қайраткері болатын. 1912-1914 жылдары Қазан қаласындағы ағайынды Керімовтер баспасынан «Ғибрат», «Кеңес» атты екі өлең кітабы шыққан.

Әмина Сүлейменқызы 1928 жылы Саратов университетінің педагогика факультетінің лингвистика бөлімін бітіреді. 1928-1930 жылдары Семей Кеңес партия мектебінде оқытушы, 1930-1931 жылдары Алматыда мектеп әдіскері болып қызмет атқарған.

Мәметовтер шаңырағында ғылым, өнер саласындағы адамдар жиі бас қосты. Бұл зиялы орта Мәншүктің тұлға болып қалыптасуына мол септігін тигізді. 1932 жылы Батыс Қазақстан облысының құрылуына байланысты Ахмет пен Әминаны Орал қаласына жұмыс бабымен шақырады. Олар жоғары білімді мамандар есебінде жаңадан ашылып жатқан білім беру және денсаулық сақтау саласында басқарушы қызметіне тағайындалады. Ерлі-зайыптыларға №51 көшесіндегі қазыналық пәтер беріледі (қазір Кеңес Одағының Батыры М.Мәметованың мемориалдық мұражайы осы ғимаратта орналасқан). Мәметовтер отбасы бұл үйде 1932-1934 жылдары тұрған.

1934 жылы Ахмет, Әмина Мәметовтер Алматы қаласына жұмысқа шақырылады. Бұл Мәншүктің он жасқа аяқ басып, есі кіріп қалған кезі. Мәншүк Алматы қаласындағы №28 орта мектепте оқыды. Дәл осы жылы Мәншүктің туған анасы Тойылша, араға екі жыл салып әкесі Жеңіскәлі қайтыс болады.

1938 жылы қаңтар айында дәрігер Ахмет Мәметовты жазықсыз жаламен «халық жауы» деп ұстап, абақтыға қамады. Сол жылы ату жазасына кесілген.

Мәншүктің соғыс алдындағы тағдыры өте қиын болды. Ахметтің зайыбы — Әмина бұл іске байланысты жиі жауапқа алынып, оның әрбір басқан ізі аңдылды. Әминаға халық жауының әйелі ретінде қарап, тіпті кейбір бұрынғы достары Мәметовтер отбасынан теріс айналды. Бұл адам тезісіз

МӘНШҮК



Мәншүк шай құйған самаурын

Кеңес Одағының батыры Мәншүк Мәметова шай құйған самаурын Павлодардағы Әскери даңқ музейінде сақталып тұр.

Құнды жәдігер музейге 2014 жылы тапсырылыпты. Оны «Майдан жолы» іздестіру жасағының мүшесі, қоғам белсендісі Жұмабек Қамзин Невельден арнайы алып келген екен.

Сол жылдары Ресейдің Псков облысы Невель қаласына экспедиция ұйымдастырылады. Жасақ мүшелері қазақ жауынгерлерінің ерлік жасаған өңірлерін аралап, белгісіз жауынгерлердің жерленген зираттарын іздестіреді. Ресейлік іздестірушілер Мәншүк Мәметова пайдаланған самаурынның табылғаны туралы айтқан екен. Оны естіген Жұмабек Қамзин жез самаурынды аттай қалап, сұрап алып, музейге әкеліп тапсырады.



жағдай Әминаның мінезін күрт өзгертіп, ашушаң қылды. Материалдық жағдай қиындай түсті. Мәншүктің туған әке-шешесі өмірден өткен жылдары екі ағасы Нағи мен Қадыр Ахметтің ағасы Қанаттың қамқорлығында болды. Нағи ержеткен соң Ордадан Орал қаласына оқуға келеді. Қадыр Орал пединститутын тәмамдаған соң, әскер қатарына шақырылады.

Мәншүк институтты тастап, үкіметтің басқарма істерінде хатшы ретінде жұмысқа орналасады. 1940 жылы жалғыз қалған Мәншүк Ордадағы жақындарына өзінің ауыр жағдайын, жан-жақтан органдардың қысым көрсетулеріне байланысты шарасыздан оқуын тастап, жұмысқа кіретіндігін, материалдық қолдау керектігін айтып хат жазады. Бірақ тумалары «халық жауының қызы» деген атақтан үркіп, байланыс жасауға қорқып, Мәншүктің хатына жауап бере алмайды. Орда ауданындағы ең жақын адамы Қанаттың әкесі Ахметпен жақынуыс-тығын ГПУ тергеп-тексеріп, ақыры партия қатарынан қуып тынған еді. Сосын қызметтен алынып, жұмыссыз қалғандықтан күн көріс мәселесі оған да қиынға соққан.

Алдағы жоспар, атқарылатын жұмыс бәрі де артта қалды. Барлығының уайымы біреу — жаумен күресу. Ең жарамды, күш-қайраты мол таңдаулы жастар фашистерге қарсы соғысқа аттанды. Мәншүк 18 жасқа толды. Ол тез есейіп, өз еркімен майданға аттанып, Отан қорғаушылар қатарында болсам деген тың шешім қабылдады. Оған мынадай ой келді: Кеңестер елін қорғауға қатысып, майдан даласында жаумен шайқасу арқылы өзінің сүйікті әкесі Ахметті жазықсыз жазадан құтқару. Әкесі қанша азап шексе де Мәншүк ол тірі болар деп ойлады. (Бірақ Мәншүк әкесінің атылып кеткенін білмеген еді). Осы уақытта ел арасында мынадай сыбыс таралды: «Егер «халық жауының» балалары Отан қорғауға өз еркімен барса, онда ата-анасына жағылған қара күйе, қылмыстық жаза кешіріледі». Бұл сыбыс Мәншүктің құлағына тиісімен-ақ ұйқысы қашып, қалайда майданға аттануға біржола бел байлайды. Бір жылға жуық уақыт өз еркімен майданға баруға өтінішін қанағаттандыру мақсатында дегенінен қайтпай әскери комиссариатқа барып, есігін тоздырумен болды.

Шындығында, ол кезде үкіметтің әйелдерді әскерге алу туралы жарлығы болмаған еді. Қазақ бойжеткендерінің 18 жаста әдемі көйлектерін гимнастеркаға, туфлиін керзі етікке ауыстырып, туған жерінен ұзап соғыс жүріп жатқан ұрыс даласына аттануы, нағыз қанда бар қайсарлықты білдірсе керек.

Мәншүктің майдандас досы Александра Прокопенко танысқан уақытын былай еске алады:

«...Біздер, орыс қыздар Мәншүкті Маша деп атасақ, ол сол арада жігерлі үнмен, мен қазақ қызымын, яғни Мәншүктің, дәл осылай атаңыздар деп нақпа-нақ жауап берді. Ол туралы басқа таныстары да «Қарайгер, нағыз характерлі қыз» деген ой түйді».

«Майданға бара жатқан барлығымыздың ішінен ең кішкентайы, әрі ең нәзік сүйкімдісі де Мәншүк болатын. Қасындағылардың оған бірден көңілдері ауды... Ол біздермен емін-еркін әңгімелесіп, күліп отырады, ал ерлер жағына келгенде ол өзін қаты және байсалды ұстайтын».

...Мәншүк бізге қай-қай жағынан да ұнаушы еді, ең алдымен оның адалдығы мен ашықтығы қатты ұнайтын. Әсіресе, ол бізді парасаттылығымен таңқалдырды».

1942 жылы 13 тамызда Қазақстан астанасы Алматы қаласынан Ұлы Отан соғы-

сы жылдарында құрылған 100-ші ұлттық атқыштар бригадасы жасақталды. Бұл бригаданың жартысынан көбін қазақ жауынгерлері құрады.

100-ші ұлттық қазақ атқыштар бригадасы алғашқы ұрыста 1942 жылы 25 қарашада 39 армия құрамында болды. Қарсыластарына үлкен тойтарыс жасап, Васильевское, Березка, Толкачево селосын және Калинин облысы Молодотуд ауданының алты деревнясын жаудан аман алып қалды. Бұл ұрыстан соң ізінше 1943 жылдың басында Великие Луки қаласы үшін қиян-кескі қарсы шабуылдар басталды. Бригада бұдан кейін 1943 жылдың екінші жартысында Невель қаласын азат ету үшін шайқасты. Қанды Невель ұрысы жыл аяғына дейін созылды. Аталмыш шайқаста 100-ші бригада өздерін жақсы қырынан танытып, топтасқан әскер ретінде көрсетті. Табандылық пен қажырлылық, жоғары әскери шеберліктері үшін жүздеген солдат пен офицерлерге орден, медальдар, ал ержүрек пулеметші Мәншүк Мәметоваға 1943 жылғы 15 қазанда Кеңес Одағының Батыры атағы берілді.

Қазақстанның халық жазушысы, Мәншүктің майдандасы — Әзілхан Нұршайықов майданға аттанар сәтін былай еске алады: «Біздің санымыз 100-ші бригада қатарында І Алматы станциясынан аттанарда 4889 болды, ал Жоғарғы Қолбасшы И.Сталиннің жеке өкімімен эшелон аттанарда қатарымызға Мәншүк қосылып, санымыз 4890 адам болды». Араларында екі қазақ қызы дәрігер Мариям Сырлыбаева және Мәншүк Мәметова. Майданға шығып салушылардың арасында ұлы ақын Жамбыл да бар еді. Отан қорғауға бара жатқандарға: «Батырларым, Сіздерді, ерліктеріңіз үшін құрметтесін» деген жалынды тілегін білдірді.

Мәншүкпен бірге майданға оның құрдастары Әзілхан Нұршайықов, Райымбек Байсейітов, Нұржан Құсайынов, Сұлтан Жиенбаев, Тахауи Ахтанов аттанды. 100-ші бригаданың командалық құрамында командир қызметінде Сақтаған Бәйішев, Асқар Закарин, Мәлік Ғабдуллин, Ыбырайым Сүлеменов, Әбілқайыр Баймолдин болды.

Майдан даласына аттанған поезд қазақстандықтарды Ярославск облысы Бабушкино қаласына жеткізді. Мәншүк мұнда Қызыл Армияның жауынгері болды. 1942 жылы қыркүйек айы бойы Мәншүк қызмет еткен бөлімше күшейтілген түрде әскери дайындықпен айналысты. Мәншүк штаб жанындағы оқу ротасына кіші командир болып қабылданды. Ротаны аға лейтенант, байырғы командир Қалиасқар Қабдуллин-нов басқарды.

Мәншүк өзінің тәртіптілігі, жинақылығымен командирлер құрамының көңілін аударды. Ол ер солдаттармен иық тірестіре бірдей жүрді, олардың істеген жұмысын да бірге атқарысты. Күздің жаңбырлы күндері шинелі, керзі етігі су болып жүрген кездері жиі болды, «Максим» пулеметінен, винтовка, автоматтан атуды үйренді. Мәншүкпен бірге оқып, бірге тұрған достары украин Шура Прокопенко, Надя Стояновская, әскери фельдшер, қазақ Сара Жолдасбаева. Олардың бастығы әскери дәрігер, капитан Мариям Сырлыбаева болды.

100-ші атқыштар бригадасы әскери дайындықтан өткеннен кейін, Ржев бағытындағы, сол жақ қанаттағы Калинин майданында отыз тоғызыншы армияның қарамағында болды және бұл «әрекет етуші» армия болғандықтан ілгері қарай жылжи берді.

(Басы. Жалғасы 8-бетте)

✓ Great Victory — 80 years

Қаһарман қыз — Мәншүк

(Соңы. Басы 6-7 беттерде)

Мәншүк басқа да жауынгерлер сияқты пластикалық түтікше медальон алып, оған өзі туралы анық мәліметті жазды, яғни: үй мекен-жайы, туғандарынан кім бар екенін жазып, ұқыпты орап түтікшеге салды.

Бірінші әскери тапсырманы Мәншүк штаб бастығы подполковник Мостовтан алды. Аға сержант Ыбырайым Сүлейменовтің алып жүруімен Мәншүк екінші атқыштар батальонына штабтың материалдары бар папканы жеткізу керек болатын. Байланысшылар тобы жаудың артиллериялық шабуылының астында қалды.



Басшылықтан берілген тапсырма ойдағыдай орындалып, Мәншүкке алғыс айтылды.

Будан былайғы ұрыстарда Мәншүк батылдығымен, өжеттілігімен және қару-жарақты қолдану шеберлігімен көзге түсті, жаралы жауынгерлерді өлім аузынан құтқара отырып, санитарлық қызметті де, бірге ала жүрді. «Шынашақтай болғанмен жасқанбай батыл қимылдайтын әрі қайратты еді» деп еске алысады ол туралы майдандастары. «Мәншүктің алдында азаматтық биіктен табылу барша жігіттер үшін үлкен сын болды, ол бар жерде ынжықтық, ездiк бiлдiру мүмкiн емес едi» деп еске алады олар бастан кешкен ортақ тағдырды.

1942 жылдың 23 желтоқсанында Мәншүк Великие Луки қаласы үшін болған сұрапыл соғысқа тікелей қатыса жүріп, майдандағы ұрыс даласында санитариялық нұсқаушы болып шайқасқа түсті. Мәншүк соғысқа дейін әкесі Ахмет секілді дәрігер болуды армандады. Ол медициналық институттың бірінші курсын бітіріп үлгерген еді, нәтижесінде қайырымды солдат атанды.

1943 жылдың қарсаңында Великие Луки жаудан азат етілді. Қаңтардың шытымыр аязды күндері Ушаков батальоны Невель тас жолы бойындағы Бурцево деревнясы үшін ұрыстар жүргізді. Осы батальонда Мәншүк те бар болатын.

Алғашқы ерекше ерлік, ержүректілікті осы шайқаста танытты.

Мәншүктің осынау ерліктері оның пулеметші боламын деген арманына да жеткізді. 1943 жылдың күзінде жауынгерлер қорғаныс шептерінде болған уақытта командование Мәншүктің алғы шепте болғым келеді деген өтінішін қанағаттандырды, оның пулеметшілер батальонына қызметке өтуі туралы бұйрық шықты.

Мәншүк бөлім командирі болып тағайындалып, оған сержант атағы берілді. Пулеметшілер бөлімінің командирі бола тұра Мәншүк табандылық, қажырлылық үлгісін таныта білді.

Мәншүктің бір сүйікті машығы ән орындау болғанын, қазақ және орыс әндерінің қай-қайсысын да әдемі шырқағанын оны білетіндердің бәрі де сүйсіне сөз етеді. Тоғай ішіндегі тамылжыған таза ауада «Караторғай», «Сырымбет», «Көзімнің қарасы», «Зәуреш», тағы да сондай ұлттық бояуы қанық тамаша әндерді жүзі балбұл жанып, кереметтей келістіре шырқайды екен.

1943 жылы 15 қазанда Мәншүктің батальоны Изоча станциясын жаудан азат етуге қатысатыны туралы бұйрық алды. Таңертең ертемен ұрыс басталды. Жауынгерлерге станцияны еш шығынсыз алу туралы бұйрық берілді. Көп кешікпей немістер қарқынды түрде қарсы шабуылдарын бастап кетті. Кіші лейтенант Болат Ахметжанов аталмыш ұрыс туралы естелігінде мынадай деректер келтіреді: «Біз жақтан адам елімі көп болды, сондықтан позицияны тастап артқа шегінуге мәжбүр болдық. Кері шегінер жолда басынан жарақаттанған, ұрыс даласында бір өзі ғана қаза тапқандардың пулеметін қайта түзеп орнына қойып жатқан Мәншүкті көрдік. Оған бізбен бірге жүр дегенде, ол: «Өздерің бара беріңдер, егер мен кетсем, сендерді кім қорғап қалады» деп қарсылық білдірді. Ол көнбегесін, біздер кете бердік. Біраздан соң тылда өлі тыныштық орнады, біздер бір-бірімізге аң-таң күйде қарап: «Бәрі бітті» дедік. Одан әрі Болат Ахметжанов естелігін былай аяқтайды: «Осыларды еске түсіре отырып, менің айтқым келетіні, егер Мәншүк бізді жаудан қорғап қалмағанда, қазір тірі болмас едік, сондықтан біз өмір бойы Мәншүк үшін қарыздармыз!».

Жүздеген немістер қайсар пулеметші қыздың дәл тиген оғынан қырылып қалды. Немістер Мәншүктің «қаһарлы пулеметінің» көзін жоюға күш-жігерін сала түсті. Осылайша жаумен қасқая күрескен қайсар қыз, көзсіз ерлік көрсеткен батыр қыз, қазақтың аяулы Мәншүгі 1943 жылы 15 қазанда ұрыс даласында ерлікпен қаза тапты.

Батыр қыздың қазасы дүниені дүр сілкіндірді. Мәншүктің қаруласы Әзілхан Нұршайықов: «15 қазанда Мәншүк қаза тапты. Бұл қаралы хабарды біз сол қырғын ұрыс болған күннің түнінде естіп, қабырғамыз қайысты» деп жазады өзінің «Невель түбінде» атты деректі туындысында.

Батыр қыздың ерлігі туралы хабар аңыздай әсемделіп, майдан даласына әп-сәтте тарады. Аймаңдай арудың абырой-даңқы асқақтай түсті. Еліміздегі барша ұлт өкілдері оны өз бауырындай енеге тұтып, мақтаныш етті. Мәншүктің есіл ерлігі, аяулы есімі барлық тілдерде радиодан айтылып, газеттер жарыса жазды. Изоча станциясы үшін болған ұрысқа қатысушы Ахметқазы Бولاتов Мәншүк туралы естелігінде былай дейді: «Мәншүк Мәметоваға қаза тапқаннан соң 6 ай уақыт өткеннен кейін Кеңес Одағының Батыры атағы берілді».

Кеңес Одағының Батыры Мәншүк Мәметова қазақ халқының қаһарман қызы, бұл даңқты есіммен барша қазақстандықтар мақтанады. Ол Батыр атағын Шығыс қыздарының арасынан бірінші болып алды. Күллі Азия елдерінің арасында Кеңес Одағының Батыры атағын алған қазақтың қос шынары — Мәншүк Мәметова мен Әлия Молдағұлова екенін зор мақтанышпен айтамыз. Батыр қыздардың есімі халқымыздың жүрегінде мәңгілікке маздайтын болады.

Бақытгүл АБАЙҚЫЗЫ
(мақалада келтірілген деректер Батыс Қазақстан облысындағы Мәншүк Мәметова атындағы мемориалдық мұражайдың жеке қорынан алынды)
<https://archive.sarbaz.kz>



Анаға хат

Қымбатты мама!

Көптен күткен хат пен посылканы тура алғы шепке жүреелі тұрған сәтте алдым. Бұл 1943 жылдың 10-шы қыркүйегі еді. Өзіме бір-ақ алма тисе де, мен қатты қуандым. Кішкене сыйлықты мен сияқты күткен жауынгерлер мен командирлер талап кетті. Үлкен рақмет. Жолымыз сәтті болды. Ал қазір, алғы шепте пулеметіммен фашистерді мықтап аңдудамын. Түнде мүлдем дерлік ұйықтамаймыз, ал күндіз тынығамыз. Міне, қалт еткен сәтті пайдаланып, сізге жауап жазып отырмын.

Қымбатты әпкем! Бүгін күндіз сәл тынығайын деп жатыр едім, бірден ұйықтап кетіппін. Сізді түсімде көрдім. Жалпы қазіргі өміріміз көңілді: фашистермен қару тілімен келіссөз жүргізіп жатырмыз. Жеңіспен оралған соң, айтатын нәрсе көп-ақ. Қолыңды қатты қысып, құшып сүйемін. Қызыңыз Мәншүк. Менің майдангер жолдастарым сәлем айтып жатыр.

✓ 2025 is the year of worker professions

Фестиваль болашақ мамандардың, жұмыс берушілер мен техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының жүздесіп, өзара ынтымақтасу алаңына айналды.

Жұмысшы мамандықтары қаласын аралауға келгендер арнайы тақырыптық көшелерден: тау-кен, металлургия көшесі, машина жасау және көлік көшесі, ауыл және су шаруашылығы көшесі, құрылысшылар көшесі, болашақ мамандықтар көшелерінен жүріп өтті. Сонымен қатар Жұмысшы мамандықтар қаласында құтқарушылар мен өрт сөндірушілерге де бұрыш арналды.

Бірнеше күн бойы түрлі семинарлар мен шеберлік сыныптары, мұнай және энергетика салаларындағы тақырыптар бойынша хакатондар, мамандықтар шеруі, бос жұмыс орындары жәрмеңкесі, стартап жобалардың таныстырылымы, машина жасау бойынша шеберлік сыныптары, концерттер, халықаралық аккредиттелген техникалық және кәсіптік оқыту курстары және тағы басқа көптеген іс-шаралар өтті.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев "Жұмысшы мамандықтарының қаласы" фестиваліне қонақ болды.

EXPO көрме алаңында өткен фестиваль атаулы жылға арналған алғашқы ауқымды іс-шарасы.

Жұмысшы — мерейлі мамандық екендігі жайлы Қасым-Жомарт Тоқаев «Әділетті Қазақстан: заң мен тәртіп, экономикалық өсім, қоғамдық оптимизм» атты Жолдауында: "Біз жұмысшы мамандықтарын дәріптеу арқылы қоғамда еңбек-қор және нағыз маман болу идеясын насихаттаймыз.

Бұл "Адал азамат — Адал еңбек — Адал табыс" қағидатына толық сай келеді. Қоғамда еңбекқорлық, кәсібилік сияқты қасиеттер өте жоғары бағалануға тиіс. Өз кәсібін жетік меңгерген мамандар ұлт саласын арттырады. Жұмыстың жаманы жоқ, кез келген еңбек — қадірлі. Ең бастысы, әркім жауапкершілікті терең сезініп, өз міндетін сапалы атқаруға тиіс. Сонда

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев жариялаған Жұмысшы мамандықтарының жылы аясында 11-15 ақпан аралығында ел астанасында ҚР Оқу-ағарту министрлігінің ұйымдастыруымен "Жұмысшы мамандықтар қаласы" фестивалі өтті.



Жұмысшы мамандықтар қаласы

ғана еліміз дамудың сара жолына түседі", — деп атап көрсеткен еді.

Фестиваль Оқу-ағарту министрлігінің ұйымдастыруымен және басқа да салалық ведомстволардың, ұлттық компаниялар мен ірі кәсіпорындардың қолдауымен өткізілді. Қалашықтағы 40 интерактивті көрмеде 200-ден астам мамандық жайлы ақпарат берілді, экономика секторларының ерекшеліктерімен танысуға мүмкіндік туғызылды.

Фестиваль аясында бірнеше күн бойы түрлі семинарлар, шеберлік сағаттары, инновациялық сессия-

лар мен жұмыс жәрмеңкелері ұйымдастырылды. Алғашқы екі күнде іс-шараға 15 мыңнан астам адам келген.

Қасым-Жомарт Тоқаев энергетика, тау-кен, металлургия, мұнай-газ, құрылыс, ауыл шаруашылығы және тағы да басқа салаларға маман даярлау үдерісімен танысты. Сондай-ақ Президентке еңбек нарығындағы сұранысқа және әр өңірдің ерекшелігіне қарай кәсіптік-техникалық білім беру ұйымдарын трансформациялау мысалдары баяндалды.

Президент фестиваль қатысушылары алдында пікірін білдіріп, атом электр стансасы секілді ірі жобаларды жүзеге асыру қарсаңында сапалы білім мен кәсіби дағдыны меңгерген мамандар өте қажет екенін айтты.

Республикалық фестивальге Zhubanov University студенттері де қатысып, үздік жобаларының таныстырылымын өткізді.

"Университеттің Техникалық факультеті студенттерінен құралған "Oil Angels" командасы ерекше жетістікке қол жеткізіп, бірінші орынға ие болды.

Команда жетекшісі «Мұнай-газ ісі» кафедрасының доценті Жадырасын Сарқұлова фестиваль аясында өткен Хакатонның болашақ жұмысшы мамандықтарының дамуына арналған маңызды алаң болғанын атап өтті.

— Біз жобамызда подшипниктерге болжамды қызмет көрсету үшін жасанды интеллектті қолдану жолдарын таныстырдық. Металлургия және мұнай-газ саласында жабдықтың маңызды тораптары, мысалы, прокаттық станның, сорғылардың және компрессорлардың подшипниктері жоғары жүктеме әсерінен тез тозады. Бұл тораптардың істен шығуы күтпеген жабдықтың тоқтап қалуына, миллиондаған шығындарға және өндіріс үзілістеріне алып келеді. Классикалық диагностика әдістері регламенттелген жөндеуге немесе апаттық жөндеуге негізделген, бірақ бұл тәсілдер тиімсіз. Подшипниктердің тозуын IoT-датчиктерінің көмегімен нақты уақытта бақылайтын, ал жасанды интеллект алгоритмдері арқылы ақауларды болжайтын болжамды техникалық қызмет көрсету жүйесін әзірлеуге болады. Біз ұсынған жоба өндіріс саласында нақты қолдануға болатын AI-модельге негізделіп, әділқазылар тарапынан жоғары бағаланды», — деді.

Бұл сайыста болашақ инженерлер мен зерттеушілер жасанды интеллекттің өнеркәсіптегі рөлін дамытуға арналған нақты шешімдер ұсынды. Өрбір команда өз жобаларында заманауи технологияларды қолданып, өнеркәсіп салаларындағы жұмысшы мамандықтарды жаңғырту жолдарын көрсетті.

"Өңдеу өнеркәсібі, мұнай-газ ісі және металлургия" бағыты бойынша университеттің тағы бір "Tech-Digital" командасы жүлделі үшінші орынды иеленді. Бұл команда да өз жобасында өнеркәсіпте тиімділікті арттыруға арналған жаңа технологиялар мен инновациялық шешімдер ұсынды.

Фестивальге ірі өнеркәсіп орындарының өкілдері, студенттер, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының мамандары қатысты. Ол қатысушыларға әртүрлі кәсіптердің ерекшеліктерімен танысуға, интерактивті алаңдар мен мамандандырылған жабдықтардың көмегімен экономиканың түрлі саласында өздерін сынап көруге мүмкіндік берді.

Жадыра Өрен
Zhubanov University
Баспасөз қызметі



✓ Басты жаңалықтар

✓ Главные новости

✓ Main news

ҒЫЛЫМДАҒЫ ҚЫЗ-КЕЛІНШЕКТЕР

Жыл сайын 11 ақпанда ғылымдағы қыз-келіншектердің халықаралық күні аталып өтеді. Қазір Қазақстанда 22 мың ғылым болса, оның 55,6%-ы әйелдер. Зерттеу ісін ғұмырлық істеріне айналдырған нәзік жандылардың жалпы саны 10 мыңға жуықтайды, соның ішінде, 714 ғылым докторы, 2400 ғылым кандидаты тіркелген. Сондай-ақ 992 PhD, 28 бейіндік доктор отандық ғылымды ілгерілетуде аянбай еңбек етуде.

Еліміздің ғылым саласында қызмет етіп жатқан қыз-келіншектерін халықаралық мерекемен ҚР Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек құттықтады.

ұмтылған, жаңашылдықтың бастаушысы болған. Тарихымызға көз жүгіртсек, қазақ қыздары медицина, педагогика, жаратылыстану және техника салаларында жаңалықтың жаршысы болғанын көреміз. Ғылым жолында есімдері алтын әріппен жазылған тұлғаларымыздың ішінде алғашқы қазақ дәрігерлерінің бірі Гүлсім Аспандиярова, ағартушы, педагог, публицист Нәзипа Құлжанова, Мәскеуде білім алған алғашқы дәрігерлердің бірі Аққағаз Досжанова, физика саласының көрнекті ғалымы Белла Ахметова, Қазақстан Ұлттық ғылым академиясының тұңғыш әйел президенті, биология ғылымдарының докторы Нағима Айтхожина — ұлтымыздың мақтанышына айналған тұлғалар. Олар ғылым мен білімге

Ғылымды дамыту — ғалымдарды қолдаудан басталады. Осы бағытта түрлі гранттық бағдарламалар жүзеге асырылып, ғылыми зерттеулерге қажетті жағдай жасалуда. «Ғылым — теңіз, білім — кеме» демекші, ғылым жолына қадам басқан әрбір жанның биік белестерді бағындыруына жағдай жасау — біздің ортақ міндетіміз.

Құрметті нәзік жанды ғалымдар! Сіздердің ғылымға қосқан үлестеріңіз — Қазақстанның зияткерлік капиталының баға жетпес бөлігі. Біліміңіз, қажыр-қайратыңыз және жаңашылдығыңыз жас ұрпаққа үлгі болып, болашақ ғалымдарға жол ашады.

Сіздерге зор денсаулық, шығармашылық шабыт, ғылыми жетістіктер және тың жаңалықтар тілеймін!», — делінген құттықтауда.

ЖЕНЩИНЫ В НАУКЕ

Ежегодно 11 февраля отмечается Международный день женщин в науке. Сейчас в Казахстане 22 тысячи ученых, из них 55,6% — женщины. Общее количество, превративших исследовательское дело в дело жизни, составляет около 10 тыс. женщин, в том числе 714 докторов наук, 2400 кандидатов наук. Также 992 PhD, 28 профильных докторов неустанно трудятся по продвижению отечественной науки.

С международным праздником женщин, работающих в сфере науки, поздравил министр науки и высшего образования РК Саясат Нурбек.

«Дорогие друзья, уважаемые коллеги!

Сегодня, 11 февраля, во всем мире официально отмечается Международный праздник женщин и девушек в науке. От всей души поздравляю с этой знаменательной датой прекрасных дам, которые трудятся на пути науки, стремятся к новым знаниям и открытиям!

В казахском народе говорят: «Свет в образованном мире». Женщины, замуженные светом науки, являются примером для поколений, гордостью за страну. Этот день, одобренный Генеральной Ассамблеей ООН в 2015 году, направлен на обеспечение равного доступа женщин и девушек к науке и поощрение их к научным достижениям.

Наука требует поиска, настойчивости и новаторства. А казахские женщины впитали в себя все эти качества и в любое время стремились к знаниям и науке, были пионерами инноваций. Оглядываясь назад на нашу историю, мы видим, что казахские девушки стали вестниками инноваций в области медицины, педагогики, естествознания и техники. Среди них, имена которых написаны золотыми буквами на пути науки, — одна из первых врачей Гульсим Аспандиярова, просвети-

тель, педагог, публицист Назипа Құлжанова, одна из первых врачей, получивших образование в Москве, Аққағаз Досжанова, выдающийся ученый в области физики Белла Ахметова, первая женщина-президент Национальной академии наук Казахстана, доктор биологических наук Нағима Айтхожина. Они стали символом верности, упорства и стремления к науке и знаниям.

Сегодня в сфере науки в стране растет доля женщин. В Казахстане 55,6% специалистов, занимающихся научно-исследовательской работой — женщины. Они проводят фундаментальные и прикладные исследования и возглавляют важные исследовательские проекты. Казахские женщины — ученые в сфере образования, медицины, инженерии, сельского хозяйства, информационных технологий и других сферах принимают активное участие в решении актуальных для общества проблем.

Научные исследования и изобретения казахстанских ученых стали достоянием страны. Особое внимание глава государства Касым-Жомарт Токаев уделяет развитию отечественной науки, кардинально реформируя эту отрасль и поднимая ее на уровень мировой конкурентоспособности.

Развитие науки начинается с поддержки ученых. В этом направлении реализуются различные грантовые программы, создаются необходимые условия для научных исследований.

Уважаемые ученые! Ваш вклад в науку — бесценная часть интеллектуального капитала Казахстана. Ваши знания, самоотверженность и новаторство служат примером для молодого поколения и открывают путь будущим ученым.

Желаю вам крепкого здоровья, творческого вдохновения, научных достижений и новых открытий!», — говорится в поздравлении.

WOMEN IN SCIENCE

The International Day of Women in Science is celebrated annually on February 11. There are currently 22,000 scientists in Kazakhstan, 55.6% of whom are women. The total number of women who have turned research into a life's work is about 10,000, including 714 doctors of sciences and 2,400 candidates of sciences. There are also 992 PhD's and 28 specialized doctors who work tirelessly to promote Russian science.

Minister of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan Sayasat Nurbek congratulated on the International day of women working in the field of science.

"Dear friends and colleagues

Today, on February 11, the International Day of Women and Girls in Science is officially celebrated all over the world. Congratulations from the



АҚПАН ФЕВРАЛЬ ҒЫЛЫМДАҒЫ ӘЙЕЛДЕР МЕН ҚЫЗДАРДЫҢ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ КҮНІ МЕЖДУНАРОДНЫЙ ДЕНЬ ЖЕНЩИН И ДЕВОЧЕК В НАУКЕ

@gylm_jogarybilim @gylmjogarybilim f@gylm.jogarybilim @gylm_jogary_bilim

"Құрметті достар, қадірменді әріптестер!

Бүгін, 11 ақпан күні, бүкіл әлемде ғылымдағы әйелдер мен қыздардың халықаралық мерекесі ресми түрде атап өтілуде. Ғылым жолында еңбек етіп жүрген, жаңа білім мен жаңалықтар ашуға ұмтылған ханымдар мен қыздарды бұл атаулы күнмен шын жүректен құттықтаймын!

Қазақ халқы «Білімдіге дүние жарық» деп бекер айтпаса керек. Ғылымның жарығын жаққан әйелдер — ұрпаққа үлгі, елге мақтаныш. 2015 жылы БҰҰ Бас Ассамблеясы бекіткен бұл күн әйелдер мен қыздардың ғылымға тең қол жеткізуін қамтамасыз етіп, оларды ғылыми жетістіктерге ынталандыруға бағытталған.

Ғылым саласы ізденісті, табандылық пен жаңашылдықты талап етеді. Ал қазақ әйелдері бұл қасиеттердің бәрін бойына сіңіріп, қай заманда да білім мен ғылымға

адалдықтың, қайсарлық пен ізденістің символына айналды.

Бүгінгі таңда еліміздегі ғылым саласында әйелдердің үлесі артып келеді. Қазақстанда ғылыми-зерттеу жұмыстарымен айналысатын мамандардың 55,6%-ы — әйелдер. Олар іргелі және қолданбалы зерттеулер жүргізіп, маңызды ғылыми жобаларға жетекшілік етуде. Білім беру, медицина, инженерия, ауыл шаруашылығы, ақпараттық технологиялар және басқа да салалардағы қазақстандық ғалым әйелдер қоғам үшін өзекті мәселелерді шешуге белсене атсалысып жатыр.

Қазақстандық ғалымдардың ғылыми зерттеулері мен өнертабыстары ел игілігіне айналды. Бұл саланы түбегейлі реформалап, әлемдік бәсекеге қабілетті, тұғырлы деңгейге көтеруге Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев айрықша қолдау білдіріп, отандық ғылымның дамуына ерекше көңіл бөліп отыр.

Басты жаңалықтар

Главные новости

Main news

bottom of my heart on this significant date to the beautiful ladies who are working on the path of science, striving for new knowledge and discoveries!

The Kazakh people say, "Light in the educated world." Women who are illuminated by the light of science are an example for generations, proud of the country. This day, approved by the UN General Assembly in 2015, is aimed at ensuring equal access of women and girls to science and encouraging them to scientific achievements.

Science requires search, perseverance, and innovation. And Kazakh women absorbed all these qualities and at any time aspired to knowledge and science, were pioneers of innovation. Looking back at our history, we see that Kazakh girls have become heralds of innovations in the fields of medicine, pedagogy, natural sciences and technology. Among them, whose names are written in golden letters on the path of science, are Gulsim Aspandiyarova, one of the first doctors, Nazipa Kulzhanova, an educator, teacher, and publicist, Akkagaz Doszhanova, one of the first doctors educated in Moscow, Bella Akhmetova, an outstanding scientist in the field of physics, the first female president of the National Academy of Sciences of Kazakhstan, Doctor of Biological Sciences, sciences of Nagim Aitkhodzhin. They have become a symbol of loyalty, perseverance and commitment to science and knowledge.

Today, the proportion of women in the field of science in the country is growing. In Kazakhstan, 55.6% of the specialists engaged in scientific research are women. They conduct fundamental and applied research and lead important research projects. Kazakhstani women scientists in the fields of education, medicine, engineering, agriculture, information technology and other fields are actively involved in solving problems relevant to society.

Scientific research and inventions of Kazakhstani scientists have become the property of the country. Head of State Kassym-Jomart Tokayev pays special attention to the development of domestic science, radically reforming this industry and raising it to the level of global competitiveness.

The development of science begins with the support of scientists. Various grant programs are being implemented in this area, and the necessary conditions for scientific research are being created.

Dear scientists! Your contribution to science is an invaluable part of Kazakhstan's intellectual capital. Your knowledge, dedication and innovation serve as an example for the younger generation and pave the way for future scientists.

I wish you good health, creative inspiration, scientific achievements and new discoveries!" the message of greetings reads.



ДИПЛОМ ТАБЫСТАУ

Жұбанов университетінде Zhupanov University 2023 жылғы магистратураға қысқы қабылдау кезеңінің түлектеріне диплом табыстау іс-шарасы өткізілді. Салтанатты рәсімде ғылыми-педагогикалық бағыттағы білім бағдарламаларын сәтті аяқтаған 49 магистрант магистр дәрежесін алып, жоғары білім жолындағы маңызды кезеңді еңсерді, — деп жазды Zhupanov University Баспасөз қызметі өз хабарламасында.

Жас ғалымдарды университет ректоры Лаура Қарабасова құттықтады.

"Бұл — университет тарихындағы ерекше сәт. Сіздер — қысқы қабылдау кезеңінің алғашқы түлектерісіздер. Бұл сіздерге ерекше мәртебе жүктейді. Сіздер ғылыми өмірге енді қадам басып отырсыздар. Мүмкіндіктер шексіз. Ең бастысы алған білімдеріңізді ел игілігіне жұмсап, кәсіби мансаптарыңызда биік белестерді бағындыруларыңызға тілектеспін!" — деді ректор.

Салтанатты жиын барысында университет басшысы сондай-ақ, "Шетел филологиясы және аударма ісі" кафедрасының оқытушысы Ақмарал Тухтарова мен "Ағылшын және неміс тілдері" кафедрасының оқытушысы Сыдық Перизатты Филология білім бағдарламасы бойынша PhD (философия докторы) дәрежесін иеленуімен де құттықтады.

ВРУЧЕНИЕ ДИПЛОМА

В Университете Жубанова состоялось вручение дипломов выпускникам зимнего этапа приема в магистратуру Zhupanov University 2023 года. На торжественной церемонии 49 магистрантов, успешно завершивших образовательные программы научно-педагогического направления, получили степень магистра и преодолели важный этап на пути к высшему образованию, — говорится в сообщении пресс-службы Zhupanov University.

Молодых ученых поздравила ректор университета Лаура Карабасова.

«Это особенный момент в истории университета. Вы — первые выпускники зимнего периода приема. Это придает вам особый статус. Вы вступаете в научную жизнь. Возможности безграничны. Самое главное, я желаю, чтобы вы вкладывали полученные знания во благо страны и покоряли высокие вершины в своей профессиональной карьере!» — сказала ректор.

В ходе торжественного собрания руководитель университета также поздравила преподавателя кафедры «Зарубежная филология и переводческое дело» Акмарал Тухтарову и преподавателя кафедры «Английский и немецкий языки» Перизат Сыдық с присвоением степени PhD (доктора философии) по образовательной программе Филология.

GRADUATION CEREMONY

The awarding of diplomas to graduates of the winter stage of admission to the master's degree program at Zhupanov University in 2023 took place at Zhupanov University. At the ceremony, 49 undergraduates who successfully completed educational programs in the scientific and pedagogical field received a master's degree and overcame an important stage on the way to higher education, the press service of Zhupanov University said.

The rector of the University, Laura Karabasova, congratulated the young scientists.

"This is a special moment in the history of the university. You are the first graduates of the winter admission period. It gives you a special status. You are entering the scientific life. The possibilities are endless. Most importantly, I wish you to invest your knowledge for the benefit of the country and conquer high peaks in your professional career!" said the rector.

During the solemn meeting, the head of the university also congratulated Akmaral Tukhtarova, a teacher of the Department of Foreign Philology and Translation, and Perizat Sydyk, a teacher of the Department of English and German, on receiving a PhD in the Philology educational program.

Басты жаңалықтарды әзірлеген
Айгерке Сұлтанбекова

Teachers

Есенғұлова Мейрамгүл Нұралықызы, Zhubanov University Педагогика және білім берудегі менеджмент факультетінің "Жалпы педагогика және білім берудегі менеджмент" кафедрасының доценті, педагогика ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, жоғары білім беру саласында көп жыл еңбек етіп келе жатқан тәжірибелі педагог. 2012 жылы Жапония мемлекетіндегі Цукуба университетінде тағылымдамадан өтті.

Байсалды мінезді, мейірман жүзді ұстаз өңірге педагог-кадрларды дайындауға сүбелі үлесін қосып келеді.

Мейрамгүл Нұралықызы 70-тен астам ғылыми жарияланымдардың, студенттерге арналған «Психологиялық-педагогикалық диагностика» (оқу құралы) ҚР БЖҒМ, «Халықтық педагогика идеялары негізінде студенттердің қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыру» (монография), «Бағалаудың өлшемдік технологиялары» (Абай атындағы ҚазҰПУ РӨЖ), «Мүмкіндігі шектеулі балалардың психологиялық-педагогикалық диагностикасы», «Жас ерекшелік психологиясы» оқу құралдарының авторы. Ғылыми-зерттеу нәтижелері халықаралық мәліметтер базасында индекстелген Scopus мәліметтер базасында — 7 мақала (екеуі Q1, біреуі Q3), ҚР БЖҒМ білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету Комитетінің бұйрығымен ұсынылған журналдарда — 16 мақала жарияланған және Ғылыми еңбектеріне мемлекеттік тізімге тіркелген Ұлттық зияткерлік меншік институтының зияткерлік объектілерді мүлкілік құқықтығын білдіретін 14 авторлық куәлік берілді. 2023-2025 жылдарға арналған ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық жобалар бойынша гранттық қаржыландыруға арналған ЖТН АР19678465 «Ақтөбе өңіріндегі ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға қашықтан оқыту технологиясын қолдану» жобасының ғылыми жетекшісі. «Сауатты бала», «Дыбыстар әлемі» Мобильдік қосымшаларына авторлық куәлік алынып, iOS және Android платформаларына енгізілді.

"Педагог" сөзі ежелгі грек тілінен аударғанда «баланы жетелеуші» деген мағынаны білдіреді. Ол заманда бұл атау мектепке апарып, қайта әкелетін қызметшілерге байланысты болған. Дегенмен түп мәні қазір де актуалды. Шынайы педагог қызметі бар ғұмырын ұрпақ білімі мен тәрбиесіне арнап, алға жетелеуші маман иесі болуымен ерекшеленеді. Сол үшін абыройлы, ардақты кәсіп. Сұқбат кейіпкері осы кәсібіне адал, мамандығында бақытты жан.

— Мейрамгүл Нұралықызы, жоғары оқу орнының оқытушыларының қызметінде маңызды екі кезең қайталанып отырады. I-II оқу семестрлері болып. Бұл кезеңдердің қорытындысы студент пен оқытушы үшін өсу, даму, өркендеу процестерінен құралады. Сізге биылғы оқу жылының бірінші семестрі қандай нәтижелер берді?

— Биылғы оқу жылының бірінші семестрі жақсы нәтижелермен аяқталды. Оқу процесі барысында білім алушылардың білім деңгейі мен қызығушылығын арттыруға көп көңіл бөлінді. Теориялық және практикалық тапсырмалар олардың шынайы қызығушылығын туғызды. Педагогикалық әдістер мен психологияға қатысты тақырыптар бойынша пәнге деген ынтасы артты. Білім алушылардың кейбірі жаңа білімді меңгеру барысында уақыт тапшылығын немесе ішкі мотивацияның болмауын сезінді. Бұндай жағдайда, білім алушыларды қолдау мақсатында, қажетті кеңестер мен әдістемелер ұсынылып, жеке бағытта жұмыстар барысы жүзеге асырылады. Магистранттардан 1-семестрдегі сынақ эссе форматында қабылдануына байланысты пәннің мазмұнына сәйкес берілген тақырыптарды талдауда әр білім алушының өз көзқарасын, тұжырымын, білімін кеңінен көрсетуге мүмкіндік алды. Жапония елінде

Цукуба университетінен ғылыми тағылымдамадан өту нәтижесінде, эссе форматында сынақ қабылданып тәжірибемен таныс болдым. Үміткер эсседен тиісті ұпайды жинаған соң әңгімелесуге шақырту алады. Арнайы әңгімелесуден өткен үміткер ғана магистрант қатарына қабылданады. Озық мемлекеттердің тәжірибесі еліміздің білім беру саласына қолданысқа енуі қуантарлық жағдай. Сонымен бірге біз білім беріп қана қоймай, дүние-жізілік ғылым, экономика кеңістігіне шығуға және бәсекеге қабілетті өмір сүруге тәрбиелейміз. Ғылыми жетекшілігімдегі 7M01106 — Білім берудегі көшбасшылық және менеджмент білім бағдарламасының 1-курс магистранттары Тагаберенова Акнур мен Жалғасбаева Дильназ 2024 жылдың 9 желтоқсанда «Интеллектуальный потенциал нации — 2024» тақырыбында өткен ғылыми конкурста 1-ші дәрежелі дипломмен марапатталды. Ғылыми жұмыс бойынша шәкірттерімізбен бірге жеткен жетістігіміз десек те болады.

— Әр сала маманының сүйіп орындайтын бір бағыты болады. Мен сізді ылғи жастар ортасында көремін. Бұл ортада сіз қашанда күлімдеп, жарқырап жүресіз. Педагог бақытының мәнін жастарды табыстарға жетелеуден тапқан сияқтысыз.



— Жастармен жұмыс істеу мен үшін шынымен де өте маңызды. Олардың көздерінде болашаққа деген үміт, өмірге деген құштарлық пен жаңашылдыққа деген ұмтылысты көру мені шабыттандырады. Әрбір кемшілік, әрбір қателіктен сабақ алу олардың дұрыс бағытта дамуына ықпал ететіндігін түсіндіру маңызды. Олармен бірге өсіп, олардың армандарын шындыққа айналдыру жолында қол ұшын беруді өзімнің кәсіби парызым деп есептеймін. Қол жеткізген әр жетістік, осы жолдағы әр қиындық мені де шыңдайды, өйткені бұл жас ұрпақтың болашағын жарқын етуге бағытталған еңбектің нәтижесі. Жастардың күлімдеген жүздерін көру, оларды болашаққа сенімді түрде бағыттау менің жү-

мысымның басты мағынасы. Жан-Жак Руссоның «Педагог болу — өз уақытыңды аямау, өзгенің бақытын аялау» дегендей, педагог тек өз білгенін шәкіртіне үйретуші ғана емес. Білім алушылардың бойынан жақсылықты іздейтін ізгі ниет уақыт өте арта береді екен. «Үйренсем, білсем деп келген балаға өз арманы мен тағдырын басқара білуге үйрететін маман — педагог» дер едім. Оқу орнын бітіріп кеткен түлектердің жетістігін көргенде, еңбегіңнің зая кетпегенін байқайсың.

— Сіз білім беріп жатқан студенттер болашақ педагогтар. Педагогиканы әр білім алушы оңай еңсеріп кете алмайтыны белгілі. Мүлдем бейімі жоқ студенттен педагог шығаруға бола ма? Он-

Жастармен жұмыс істеу мен үшін өте маңызды

дай жағдайлар кездесе ме? Қандай тәсіл қолданасыз?

— Педагогика, шынында да, тек теория мен әдіснаманы меңгеруден ғана емес, өзіңнің ішкі құндылықтарың мен қабілеттеріңді дамытудан да тұрады. Бірақ мүлдем бейімі жоқ білім алушыдан педагог шығару қиын болып көрінуі мүмкін, дегенмен бұл да мүмкін. Әр адамның өз күшін, жолын табуына мүмкіндік беретін тәсілдер бар. Мамандықты таңдап келген білім алушының педагог болуға жол ашу үшін алдымен оның қызығушылығын оятуға тырысамыз. Бұл үшін практикалық жаттығулар, пікірталастар, жағдайларды талқылау секілді әдістерді қолданамыз. Әрбір білім алушының өздерінің жеке тәжірибесіне сүйене отырып, оларды педагогикалық ойлауды қалыптастыруға бағыттау маңызды мәселелердің бірі болып табылады. Сондай-ақ, білім алушының жеке көзқарастарын, қабілеттерін анықтап, оларға сәйкес әдіс-тәсілдер мен міндеттер қою өте маңызды. Кейбір білім алушылар педагогикаға бейім болмауы мүмкін, бірақ олар өздерін ұжым ішінде жақсы көрсетіп, өздерінің коммуникациялық дағдыларын жетілдіріп, ақырында өз жолын тауып кетіп жатады. Сондай білім алушыларға өзіне деген сенімділікті арттыру, сабырлы болуға, қайталанатын қателіктерден сабақ алуға бағыттау өте маңызды. Әрбір білім алушыға өзін-өзі тануға және өз күшін бағалауға мүмкіндік беру болып табылады.

Қазақтың көрнекті ағартушы-педагогы Ыбырай Алтынсарин: «Педагогикалық мамандық — бұл адамтану, адамның күрделі және қызықты, шым-шытырығы мол рухани жан дүниесіне үңіле білу. Педагогикалық шеберлік пен педагогикалық өнер даналықты жүректен уға білу болып табылады» деген тұжырымы білім алушылармен жұмыс жасаудағы негізгі ұстаным болуы керек.

Куратор болып жүргендегі бір жағдайлар есіме түсіп отыр. Бірінші курста екі апталық бақылау практикасына барып келгеннен кейін бір білім алушым «бұл жол менің қызығушылығым сай келмейді екен» деді. «Қандай мамандық иесі болғым келеді» деген сұрақтың жауабын бірге іздеуге тура келді. Өлгі білім алушы бірінші курсты бітіргеннен кейін қайтадан тест тапсырып, біздің университеттегі басқа мамандыққа қайтадан грантқа түсті.

Бұл оқиғаға да 10 жылдың шамасы болды. Соңғы кезде мұндай жағдай кездеспейді. Мұны қазіргі таңда мектептер мен университет арасындағы кәсіптік бағдар жұмысының жолға қойылғанының белгісі деп түсінемін.

— Қазіргі ерекше білім беруді қажет ететін балалар көбеюде. Сәйкесінше бұл да педагог міндетін күрделендіре түсуде. Осы жөнінде жобаға жетекші болған екенсіз. Жоба күткен ойларыңыздан шықты ма?

— Қазіргі уақытта ерекше білім беруді қажет ететін балалар санының артуы педагогтардың міндеттерін күрделендіре түсуде. Мен жетекшілік еткен жоба осы мәселені шешуге бағытталған болатын. Жобаның нәтижелері күткен үмітімізді ақтады деп айта аламын. Қашықтан оқыту жағдайында ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларды оқыту әдістемесін ғылыми тұрғыдан әзірлеу олардың сапалы білім алуына және қатарластарымен қарым-қатынас орнатып, ортаға бейімделуіне мүмкіндік береді. Бұл Ақтөбе өңірі үшін өзекті мәселе болып табылады. Жоба аясында «Сауатты бала» және «Дыбыстар әлемі» мобильдік қосымшалары әзірленді. Бұл қосымшалар бала-

лардың әріптерді танып-білуіне, ойлау қабілетін, сөздік қорын және байланыстырып сөйлеуін дамытуға арналған тапсырмаларды қамтиды. Мобильдік қосымшаларды арнайы білім беру ұйымдарының логопедтері мен педагогтары, тьюторлар, сондай-ақ ерекше балалардың ата-аналары қолдана алады. Қазіргі таңда бұл қосымшаларды қолданудағы статистикалық есеп бойынша 4000-ға жуық қаралым тіркелген, бұл жобаның өзектілігін көрсетеді. Жобаны жүзеге асыру барысында ата-аналар мен мектепке дейінгі мекемелер арасындағы байланыс нығая түсті. Жоба мақсатына сәйкес, өңірімізде ерекше білім беру қажеттілігі бар балалар үшін мәдени-білім ортасын құру, мобильдік қосымшалар арқылы білім берудің қолжетімділігін арттыру және үй жағдайында отырған ерекше балалардың қарым-қатынас шеңберін кеңейтіп, коммуникативті дағдылар мен ұжымдық жұмысты жақсарту бағытында жұмыстар жүргізілді.

Жалпы алғанда, жоба ерекше білім беруді қажет ететін балаларға деген қоғамның көзқарасын жақсартуға өз үлесін қосты деп ойлаймын. Алдағы уақытта осы бағытта басқа да жобаларды жүзеге асыру қажет деп санаймын, себебі бұл

мәселе жан-жақты қарастыруды талап етеді.

— Әйел жанға оқытушылықпен қатар ғылым жолынан өту жеңіл емес. Жақында қауымдастырылған профессор атағын алдыңыз. Бұл атаққа сіз 2008 жылы кандидаттық диссертация қорғағаннан соң талпынған боларсыз. Бұл 17 жылдай уақыт. Аз емес. Құтты болсын!

— Рақмет! Иә, ғылым жолындағы сапар оңай емес, әсіресе әйел адамға. 2008 жылы кандидаттық диссертациямды қорғағаннан кейін өзімді үнемі жаңарту, жетілдіру мен жаңа деңгейге көтеру мақсатында еңбек еттім. Қауымдастырылған профессор атағы мен үшін үлкен мәртебе әрі жаңа жауапкершілік. Бұл жолды өту үшін көп еңбектеніп, ғылыми жұмыстарымды әрі қарай дамытуға ұмтылдым. Бұл жетістікке маған сенім білдірген көп адамдардың қолдауы арқылы жеткенім анық. Әйел адам — табиғатынан табандылық таныта білетін, қайсар жан. Ол ізденіс символы бола алады. Білімнің кемесіне мінген әрбір жан ғылым теңізінде еркін жүзуге мүмкіндік алатындығы сөзсіз.

Гүлнара Қараша



☑ Grant project

2025-2027 жылдарға арналған «Жас ғалым» жобасы аясында ғылыми зерттеулерді гранттық қаржыландыру конкурсының қорытындысы бойынша Zhubanov University 4 ғалымының жобасы грант жеңіп алды.

ГРАНТТЫҚ ҚАРЖЫЛАНДЫРУ КОНКУРСЫНЫҢ ЖЕҢІМПАЗДАРЫ — ЖАС ҒАЛЫМДАР

PhD, «Экология» кафедрасының доценті Мұрат Махамбетов AP25796055 «Спутниктік мәліметтерді талдау негізінде Атырау облысындағы деградацияланған жайылымдардың өсімдік жамылғысының ұзақ мерзімді өзгерістерін экологиялық бағалау» атты ғылыми жобасы бойынша грант иегері атанды.

Жобаның мақсаты — далалық геоботаникалық және картографиялық зерттеулердің нәтижелеріне сүйене отырып, Атырау облысының жайылымдық өсімдіктерінің жай-күйінің ұзақ мерзімді өзгерістерін экологиялық тұрғыдан бағалау және талдау, сондай-ақ спутниктік мәліметтерді талдау негізінде 1:1 000 000 масштабтағы электрондық цифрлық картасын жасау.

Сонымен қатар PhD, «Математика» кафедрасының аға оқытушысы Жайлан Туткушева AP25794821 «Көпэкстремалды көпайнымалы функцияларды глобалдық оптималдаудың тиімді әдісі» атты жобасымен гранттық қаржыландыруға ие болды.

Бұл жобада арнаулы көмекші функцияға негізделген глобалдық оптималдаудың жаңа әдісін әртүрлі кластардағы функциялар үшін терең әрі жан-жақты зерттеу, оны сандық түрде жүзеге асыру және өзекті қолданбалы есептерді шешуде пайдалану көзделген.

Сондай-ақ магистр Әйгерім Танкеева AP25794325 «Өзегі айнымаған Фредгольм интегралдық-дифференциалдық теңдеулері үшін шеттік есептерді шешудің жуықталған әдістерін әзірлеу» атты жобасы бойынша грант иеленді.

Жобаның мақсаты — бірінші ретті Фредгольм интегралдық-дифференциалдық теңдеуінің өзегін Чебышев және Лежандр көпмүшеліктері арқылы жуықтау, сондай-ақ өзегі айнымаған Фредгольм интегралдық-дифференциалдық теңдеулері үшін шеттік есептерді шешудің осы көпмүшеліктерге негізделген жуық және сандық әдістерін әзірлеу.

«Мектепке дейінгі және бастауыш оқыту» кафедрасының оқытушысы, магистр Әсемгүл Альситованың AP25795529 «Жасанды интеллект пен адамның бірлескен шығармашылығының (Human-AI Co-creation Model) болашақ педагогтардың креативтілігінің дамуына әсерін анықтау» атты жобасы қаржыландырылды.

Жобаның мақсаты — кәсіби даму үдерісінде адам мен ЖИ бірлескен шығармашылығының моделін (Human-AI Co-creation Model) қолдана отырып, болашақ педагогтардың креативтілігін дамытудағы механизмнің тиімділігін арттыру.

Жадыра Әрен
Zhubanov University Баспасөз қызметі



**Мұрат
Махамбетов
PhD,
«Экология»
кафедрасының
доценті**



**Жайлан
Туткушева
PhD,
«Математика»
кафедрасының
аға оқытушысы**



**Әйгерім
Танкеева
магистр**



**Әсемгүл
Альситова
«Мектепке
дейінгі және
бастауыш оқыту»
кафедрасының
оқытушысы,
магистр**

✓ Silver University



ЭТОТ ПРОЕКТ — НАШ СОЦИАЛЬНЫЙ ВКЛАД В РАЗВИТИЕ РЕГИОНА

Стартовал очередной проект «Күміс университет». Мы вновь убедились, что стремление к знаниям не имеет возраста и границ. Во время набора участников наблюдался ажиотаж, так как было большое количество желающих записаться на курсы. И даже когда прием закрыли, заявки продолжали поступать. Радует, что все больше актюбинцев хотят получать новые знания. В этом году на курсы записалось около 180 человек старше 50 лет.

Средний возраст наших участников — 65 лет, и это настоящий пример того, как важно оставаться активным, любознательным и открытым ко всему новому.

Наибольшее количество участников в этот раз пришлось на возрастную категорию от 60 до 70 лет — 107 человек. В группе от 50 до 60 лет зарегистрировано 42 участника, а в категории от 70 до 80 лет — 23 человека.

Среди них — ветераны труда, пенсионеры, которые всю жизнь посвятили развитию нашего региона в таких сферах, как медицина, сельское хозяйство, горнодобывающая промышленность и др. Особенно радует, что к нам снова присоединилась 84-летняя Зауза Молдабаева, которая в прошлом году изучала английский язык и цифровые технологии, а в этом выбрала курсы шитья.

У многих из наших участников раньше была активная трудовая деятельность. Людям, которые всегда привыкли находиться в обществе, морально тяжело выходить на пенсию и проводить все время дома. «Күміс университет» — это не просто образовательный проект, а возможность для наших старших поколений найти новые увлечения, познакомиться с единомышленниками и почувствовать себя частью большого

комьюнити. Наши участники снова чувствуют себя студентами и, надо сказать, очень ответственно относятся к учебному процессу.

В этом году самые популярные направления — английский язык, лечебная физкультура и уроки вальса. Пенсионеры тоже хотят идти в ногу со временем и вслед за детьми и внуками изучать востребованные языки. Лечебная физкультура помогает поправить здоровье с помощью комплексов упражнений.

В проекте также появились новые курсы: психология и обучение вальсу. Есть пенсионеры, которые хотят научиться танцевать вальс, так как в молодости такой возможности не было. Курс психологии включает в себя самые разнообразные форматы занятия: тренинги, семинары, медитации.

Мы убеждены, что миссия вуза выходит далеко за пределы образовательного процесса. Согласно Концепции развития высшего образования и науки в Республике Казахстан на 2023-2029 годы (ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі), идея проекта «Күміс университет» является частью данной концепции. Университет Жубанова активно продвигает культуру непрерывного обучения (Life long learning).



Этот проект — наш социальный вклад в развитие региона и яркое подтверждение того, что образование — это ценность, доступная каждому, независимо от возраста и статуса.

Вспоминая прошлый год, мы с гордостью отмечаем, как вырос наш проект. «Күміс университет» вышел за рамки вуза и стал частью общественной жизни города. И мы готовы и дальше поддерживать это стремление, открывая двери нашего университета для всех жителей Актобе, кто хочет учиться и расширять свои горизонты.

Лаура Карабасова
ректор Zhubanov University

МАҢЫЗДЫ ӘРІ СӘТТІ БАСТАМА

Zhubanov University «Күміс университет» жобасына биыл 170-тен астамы тіркеліп, қатысушылар саны өткен жылмен салыстырғанда едәуір артты. Өткен жылы аталмыш жоба аясында 90-нан астам күміс жастағы қатысушылар түрлі курстарда тегін білім алған болатын.

Іс-шараның ашылуында сөз сөйлеген Академиялық мәселелер жөніндегі проректор Людмила Мясникова университетте 2021 жылы «Өмір бойы оқу» тұжырымдамасы аясында іске қосылған «Күміс университет» жобасы әлеуметтік тұрғыда маңызды әрі сәтті жүзеге асқан бастама екенін атап өтті. Бұл жоба аға буын өкілдеріне білім алуға жаңа мүмкіндіктер ұсына отырып, олардың өмір сапасын арттыруға бағытталған.

Биылғы «Күміс университет» жобасы аясындағы курстар бірнеше негізгі бағытты қамтиды. Атап айтсақ: қазақ тілі, ағылшын тілі, цифрлық сауаттылық, емдік дене тәрбиесі, шахмат, мәңгілік жас вальс, тігін, жүннен сәндік аксессуарлар дайындау, ресурстық қолдау және психология (үйлесімділік) курстары.

Жобаның басты мақсаты — аға буын өкілдеріне заманауи ақпараттық технологиялар мен құралдарды меңгеруге мүмкіндік беру,

олардың жеке дамуына қолдау көрсету және белсенді өмір сүруге дағдыларын арттыру. Сонымен қатар, бұл жоба денсаулықты нығайтуға, рухани және физикалық тұрғыдан дамуға ықпал етеді. Курс барысында теориялық және практикалық сабақтармен қатар, қатысушылар шеберлік сыныптарына, тренингтерге, пікірталастарға, интерактивті іс-шараларға да қатыса алады. Сабақты университеттің профессор-оқытушылары жүргізеді.

Курс аяқталған соң әр қатысушыға арнайы сертификаттар табыс етіледі.

Жадыра Әрен
Zhubanov University
Баспасөз қызметі

☑ Republican championship from Togyzkumalak

Zhubanov University базасында тоғызқұмалақтан ерлер мен әйелдер арасында классикадан жекелей Қазақстан Республикасының чемпионаты өтті.

Чемпионаттың ашылу рәсіміне университет ректоры, Ақтөбе облыстық тоғызқұмалақ федерациясының президенті Лаура Қарабасова, Ақтөбе облысы Дене шынықтыру және спорт басқармасының басшысы Мейрамбек Махамбетов, тоғызқұмалақтан мемлекеттік жаттықтырушы әрі ҚР Еңбек сіңірген жаттықтырушысы Даулет Абдикаримов, облыстық мамандандырылған балалар-жасөспірімдер спорт мектебінің директоры Жанар Сағизбаева және спорт ардагерлері кеңесінің төрағасы Бақтығали Шокаев қатысты.

Лаура Қарабасова өзінің құттықтау сөзінде тоғызқұмалақ ойынының ұлттық мәдениетіміздегі орны мен маңыздылығына тоқталып, ұлттық спорт түрін дамытуға қосқан үлестері үшін жаттықтырушылар мен спортшыларға алғысын білдірді.



Сондай-ақ Ақтөбе облысы Дене шынықтыру және спорт басқармасының басшысы Мейрамбек Махамбетов пен тоғызқұмалақтан ҚР Еңбек сіңірген жаттықтырушысы Даулет Абдикаримов те сөз сөйлеп, қатысушыларға сәттілік тіледі.

Жарысқа еліміздің әр аймағынан 170 ойыншы қатысты. Жарыс барысында 20 команда арасынан мықтылар анықталды.

Еліміздің әр өңірінен келген мықты тоғызқұмалақшы ойыншылар 10 күн бойы шеберліктерін сынап, чемпионаттың жабылуында жеңімпаздар салтанатты түрде марапатталды.

Әйелдер арасында классика түрі бойынша алтын медаль Абай облысы командасының ойыншысы Аяна Исаханға бұйырды. Күміс медальді Астана қаласы командасының ойыншысы Гүлнар Базаралиева иеленсе, қола медальді Қызылорда облысы командасының ойыншысы Ұлдана Махамбеталин мен Қарағанды облысы командасының ойыншысы Аңсаған Қожанәсіп еншіледі.

Ерлер арасында алтын медальді Батыс Қазақстан облысы командасының ойыншысы Дархан Ануарбеков жеңіп алды. Күміс медаль Павлодар облысы командасының ойыншысы Ринат Керейбаевқа, қола медальді Павлодар облысы командасының ойыншысы Ерасыл Ауталипов пен Қызылорда облысы командасының ойыншысы Бексұлтан Бостандықов алды.

Жадыра Әрен
Zhubanov University
Баспасөз қызметі

Республикалық чемпионат



Газет ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінде қайта тіркеліп, №KZ26VPY00026721 куәлігі 09.09.2020 ж. берілген.

Газет айына бір рет шығады

Газет бетінде жарияланған материалдарды көшіріп басу үшін міндетті түрде редакцияның рұқсаты керек.

Zhubanov University
облыстық ақпараттық-танымдық газеті

Меншік иесі:
ҚР БЖҒМ «Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы

Басқарма төрағасы-Ректор
Лаура Қарабасова

Бас редактор
Гүлнара Қараша

Аудармашы
Айерке Сұлтанбекова

Дизайнер:
Нұрша Биданова

Фотограф:
Есет Саргузин

Редакцияның мекенжайы:
030000, Ақтөбе қаласы,
Гришин көшесі, 7 «А»
337 бөлме

E-mail:
gazetaZhU@mail.ru
Сайт: <http://zhubanov.edu.kz>

Facebook: ZhU oblystyq gazetі

Таралымы: 5000 дана